



**СЕВКАЗЭНЕРГО**

Жылдық есеп  
**2013**

# Мазмұны



|    |
|----|
| 4  |
| 5  |
| 6  |
| 8  |
| 16 |
| 20 |
| 28 |
| 36 |
| 45 |
| 48 |
| 56 |
| 60 |
| 66 |
| 68 |
| 69 |



**СЕВКАЗЭНЕРГО**

# Негізгі көрсеткіштер

# Қызмет ету географиясы



## СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

160 539  
69 376

⚡ Петропавл 2-ЖЭО

⚡ «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ

⚡ «Петропавл жылу желілері» ЖШС

⚡ «Севказэнергосбыт» ЖШС

## ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

Тұтынушылардың саны

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ  
ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫ

⚡ Электр және жылу энергиясын өндіру

⚡ Электр энергиясын тарату

⚡ Жылу энергиясын тарату

⚡ Электр және жылу энергиясын өткізу



«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ  
директорлар Кеңесінің Төрағасы  
Амирханов Ерқын Адамияновичтің  
үндеуі

## Құрметті акционерлер мен серіктестер!

Сіздердің назарларыңызға «СЕВКАЗЭНЕРГО» акционерлік қоғамының 2013 жылғы есебін ұсынамын.

Аталған мерзімде Солтүстік Қазақстанның ірі энергетикалық компаниясы болып табылатын «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-да өндірістік және экономикалық көрсеткіштердің тұрақты өсімі байқалды.

Қазіргі таңда Компанияның генерациялаушы кәсіпорны болып табылатын Петропавл 2-ЖЭО кәсіпорнында толық ауқымды инвестициялық бағдарлама жүзеге асырылып, оның аясында станцияның энергетикалық жабдықтарын жетілдіруге және қайта құруға бағытталған жұмыстар жүргізілуде. 2009 жылдан бастап шекті тарифтер мемлекеттік бағдарламасының аясында генерациялаушы көздерді жаңартуға 17,7 млрд теңге және Компанияның өз қаражатынан 14,8 млрд теңге бағытталды. Жылдан жылға станцияның қазандық және турбиналық жабдықтарының тозуы азайып, сәйкесінше жалпы кәсіпорынның әлеуеті өсіп келеді.

Компанияның алдағы жоспарында 2016 жылға дейін белгіленген қуат мөлшерін 434 МВт-тан 517 МВт-қа дейін ұлғайту мақсаты бар. Компания Солтүстік Қазақстан облысының және Петропавл қаласының тұтынушыларын тұрақты және сапалы энергиямен қамсыздандыруды мақсат тұтады. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ озық әрі қазіргі заманғы жабдықтарды қолданысқа ендіріп, құбырларды және электр энергиясын беру желілерін ауыстыруда және қызмет ету мерзімі аяқталған шағын станциялар мен сорғы станцияларының орнына инновациялық құрылғылар орнатуда.

Негізгі өндірістік жабдықтарды жетілдіру бойынша инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру үшін және энергиямен қамсыздандыруды арттыру үшін Компания несиелік қаражатты тартады. 2013 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ мен Еуропалық қайта құру және даму банкінің арасында сомасы 49 млн. АҚШ долларын құрайтын қарыз шарты жасалды. Соның ішіндегі 40 млн. АҚШ доллары Петропавл 2-ЖЭО кәсіпорнының негізгі өндірістік жабдықтарын жетілдіруге және жаңартуға, сондай-ақ өндірістің экологиялық жағдайларын жақсартуға, ал 9 млн. АҚШ доллары Солтүстік Қазақстан облысының электр желілерін жаңарту мен қалпына келтіру бойынша инвестициялық бағдарламаны қаржыландыруға бағытталады. Бұл — «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобының ЕҚДБ-мен ынтымақтастығының сәтті жалғасы. Аталмыш ынтымақтастық Петропавл қаласы жылу желілерінің инвестициялық бағдарламаларын қаржыландыру үшін 2011 жылы Еуропалық қайта құру және даму банкімен сомасы 2,4 млрд теңгені құрайтын қарыз шартын жасасқан кезде басталған болатын. Бұл қаражатқа Петропавл қаласының жылумен қамсыздандыру кәсіпорны желілерінің жабдықтарын қайта құру және жаңарту, соның ішінде ескі құбырларды алдын-ала оқшауланған құбырларға ауыстыру, сондай-ақ құбырлардың оқшаулау қаптамасын қазіргі заманғы көпіршікті полиуретанды материалдарға ауыстыру жұмыстарын жүргізеді.

Бүгінгі таңда аймақтың ең маңызды саласына салымдар сала отырып, Компания энергетикалық кешеннің болашақтағы келбетін ойластыруда. Энергия үнемдейтін өндірісті дамыту, тозуды қысқарту жөніндегі бірегей бағдарламалар, қызмет ашықтығы — мұның барлығы бүкіл Солтүстік Қазақстан аймағының дамуына қосылатын үлес болып табылады.

Біз көптеген белестерге шығып, жарқын болашаққа бірге қол жеткіземіз!



# Компания туралы

## ҚЫСҚАША ТАНЫСТЫРУ ЖӘНЕ КОМПАНИЯ ТАРИХЫ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» акционерлік қоғамы – Солтүстік Қазақстан облысының электр және жылу энергиясын генерациялау, тасымалдау және өткізуші кәсіпорындарын қамтитын вертикалды біріктірілген Компания. Оның жұмысының арқасында Солтүстік Қазақстан облысының 580 мыңдай тұрғыны электр энергиясымен, Петропавл қаласының 206 мың тұрғыны тұрақты жылу энергиясымен қамсыздандырылады.

1961 жылы Петропавл 2-ЖЭО кәсіпорны пайдалануға беріліп, бұл Солтүстік Қазақстан облысын жаппай электрлендірудің бастапқы кезеңінің аяқталуына себепші болды.

«Целинэнерго» АБ өкімі бойынша 1963 жылы «Петропавл электр желілері кәсіпорны» ұйымдастырылды. Ал 1965 жылы 2-ЖЭО жылу желілері цехінің базасында «Целинэнерго» (ЖЖБ) Петропавл жылу желілері басқармасы ұйымдастырылды.

2007 жылы отандық инвестор – «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ («ОАОЭК» АҚ) аймақтың энергетикалық кешеніне иелік етіп, кейін ол «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ («ОАЭК» АҚ) акционерлерінің құрамына кірді.

2009 жылғы 13 шілдеде қайта құру нәтижесінде акционерлік қоғам ұйымдық құқықтық нысанындағы «СЕВКАЗЭНЕРГО» акционерлік қоғамы болып құрылды, ол 1999 жылғы 19 қаңтарда Солтүстік Қазақстанда әділет органдарында тіркелген «АксессЭнерго 2-ПЖЭО» ЖШС-нің барлық құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мұрагері болып табылды.

Компания халықаралық стандарттардың бірқатар сертификатына ие, осындай сертификаттар үнемі талданып отырады және қажет болған жағдайда қайта қаралады.

2014 жылдың сәуір айына ISO 9001:2008, OHSAS 18001:2007, ISO 14001:2004 стандарттары бойынша қайта сертификаттау жоспарланды.

| Сертификат атауы   | Сертификат номері | Қолданылу мерзімі     |
|--|-------------------|-----------------------|
| ISO 9001:2008 стандартына сәйкестік сертификаты  | 75 100 70429      | 01.08.2011–31.07.2014 |
| OHSAS 18001:2007 стандартына сәйкестік сертификаты   | OC-4870-0010      | 30.07.2011–29.07.2014 |
| ISO 14001:2004 стандартына сәйкестік сертификаты   | 75 110 0505       | 07.09.2011–06.09.2014 |
| ИСО/МЭК 17025–2007 ҚР СТ стандартының талаптарына сәйкестік калибрлеу зертханасының аккредитация аттестаты | KZ.K.15.1280      | 20.03.2012–20.03.2017 |
| ISO 50001:2011 стандартына сәйкестік сертификаты   | 01 407 1321852    | 28.01.2014–27.01.2017 |

## РЕЙТИНГТЕР

«Эксперт РА Казахстан» рейтинг агенттігі 2013 жылы облигациялар (ұлттық сәйкестендіру нөмірі – KZZC0Y10D695) сенімділігінің рейтингін А+ деңгейінде (сенімділіктің өте жоғары деңгейі) растады.

### Несиелік рейтинг

Сондай-ақ, «Эксперт РА Казахстан» рейтинг агенттігі Компания қызметінің тұрақтылығын растады. 2013 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның несие қабілеттілігінің рейтингі А+ деңгейінде (өте жоғары деңгей) расталды.

## МІНДЕТ

**Компанияның міндеті** – Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындарының өмір сапасын арттыру және облысты экономикалық тұрғыдан дамытуға жағдай жасау. Бұл мақсатқа Солтүстік Қазақстан облысындағы және Петропавл қаласындағы тұрғындарды, өнеркәсіптік кәсіпорындарды, бюджеттік және коммерциялық ұйымдарды энергиямен қамсыздандыру және олардың тіршілік етуін қамтамасыз ету бойынша сапалы қызмет көрсету арқылы қол жеткізіледі.

**Көрсетілетін қызмет сапасын** қамтамасыз ету барысында барлық техникалық талаптарды сақтай отырып, энергиямен қамсыздандыру сенімділігі әрі үздіксіздігі және тұтынушыларға қызмет көрсетудің жоғары деңгейі көзделеді.

**Тиімділіктің негізі** – Компания қызметкерлері болып табылады. Олардың жоғары кәсібилігі, командада жұмыс істеу қабілеті және нәтижелерге қол жеткізуге бағдарлануы алға дамуды қамтамасыз етеді.

## КӨРІНІС

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ – Солтүстік Қазақстан облысындағы жалғыз энергетикалық компания.

Компания өзінің қызметін ең күрделі климат жағдайларында жүзеге асырады және бұл ретте қызмет қарқындылығы мен ірі холдингтік топқа тән тұрақтылық пен сенімділікке ие шағын компанияның икемділігін сәтті үйлестіреді.

Компанияның қызметкерлер командасы биік мақсаттарды бағындырып жүрген кәсіби мамандардан құралған.

Компания клиенттермен және жеткізушілермен серіктестік қатынастарды құрмет пен өзара жауапкершіліктің негізінде орнатады.

## СТРАТЕГИЯ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ стратегиялық мақсаты – аймақтың экономикалық өсімін қамтамасыз ету үшін Солтүстік Қазақстан облысының энергетикалық жүйесінің теңдестірілген және тұрақты дамуын қамтамасыз ететін жетекші энергетикалық компанияны құру. Бұл кезде Компания өзінің қызметінде өндіріс, экология, денсаулық сақтау салаларында және әлеуметтік салада халықаралық стандарттарға қол жеткізуге ұмтылады.

**Алға қойылған стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін Компания келесі міндеттерді іске асырады**



өндірістің техникалық деңгейін арттыру, апаттылық тәуекелдерін төмендету және тұрып қалуды болдырмау мақсатында жабдықтарды жетілдіру;



энергияны өндірген және берген кезде энергияны үнемдейтін және энергиялық тұрғыдан тиімді болатын технологияларды өндіру;



жылу және электр энергиясының бірліктерін өндіруге жұмсалатын үлестік шығыстарды барынша азайту;



экология саласындағы халықаралық, республикалық және ішкі салалық нормативтік және заңнамалық құжаттардың талаптарына сәйкес келу;



қызметкерлердің денсаулығын қорғауға, өнеркәсіптік қауіпсіздікке және жарақаттану деңгейін төмендетуге қойылатын талаптарды күшейту;



қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында оларды үздіксіз оқыту;



кәсіпорынды басқарудың автоматтандырылған жүйесін өндіру.

## ТОПТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



### Акционерлердің құрылымы және акционерлік капитал

Қаржылық есептіліктің деректеріне сай, 31.12.2013 жылғы жағдай бойынша қоғамның жарғылық капиталы 16 291 512,5 теңгені құрайды. «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ акциялардың 100%-ына ие жалғыз акционер болып табылады. Есептік кезеңде Компания акциялармен елеулі мәмілелер жасасқан жоқ.

### «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» компаниясының құрылымы вертикалды біріктірілген, оған Солтүстік Қазақстан облысындағы энергиямен қамсыздандырудың барлық желілері (энергия ресурстарын генерациялау, тасымалдау және өткізу) кіреді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» компаниясының құрамына келесі кәсіпорындар енеді:

- Петропавл 2-ЖЭО;
- «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ (Солтүстік Қазақстан облысының, Петропавл қаласының электр желілері);
- «Петропавл жылу желілері» ЖШС (Петропавл қаласының жылу желілері);
- «Севказэнергосбыт» ЖШС.

Қазіргі уақытта «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның белгіленген жиынтық электрлік қуаты 434 МВт-ты құрайды, Компанияның белгіленген жиынтық жылу қуаты 793 Гкал сағ.-ты құрайды. Электр энергиясын беру желілерінің жалпы ұзақтығы – 13 566,4 шақырым, жылу энергиясын беру желілерінің жалпы ұзақтығы – 231,5 шақырым. Компания электр энергиясымен Солтүстік Қазақстан облысының 160,5 мың тұтынушысын, жылумен Петропавл қаласының 69,3 мың тұтынушысын, соның ішінде 2,2 мың бюджеттік, өнеркәсіптік және коммерциялық кәсіпорынды қамтамасыз етеді. 2013 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2603,05 млн кВт сағ. мөлшерінде электр энергиясын және 1790,5 мың Гкал мөлшерінде жылу энергиясын шығарды.



### «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО

Петропавл 2-ЖЭО қызметінің негізгі түрі электр және жылу энергиясын өндіру болып табылады. 31.12.2013 жылғы жағдай бойынша станцияның белгіленген қуаты электр энергиясы бойынша 434 МВт-ты, жылу энергиясы бойынша 793 Гкалды құрайды, қолда бар қуат электр энергиясы бойынша 396 МВт-ты, жылу энергиясы бойынша 804 Гкалды құрайды.

Станцияның негізгі цехтері: отын-көлік цехі, қазандық, турбиналық, электрлік, химиялық цех. Қосалқы цехтер: жылу автоматикасы және өлшеулер цехі, жөндеу-механикалық цехі, оттегі станциясы, жөндеу-құрылыс учаскесі.

Сонымен қатар «2711», «2721» және ӘЖ-110кВ «Сибирь» сияқты ӘЖ-220кВ әуе желілері бойынша Қазақстан Республикасының энергия жүйесімен станция қатар жұмыс істейді, алты байланыс трансформаторы бар 35/110/220кВ ашық бөлістіру құрылғысы бар. Оңтүстік Орал темір жолының Петропавл бөлімшесіне, «Қазақстан темір жолы» РМК-на және басқа да тұтынушыларға электр энергиясын беру «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ және «КЕГОК» ААҚ желілері арқылы жүзеге асырылады.

Жылу энергиясын беру келесі жылу магистральдері арқылы жүзеге асырылады: Ду-1000 «Город», Ду-1000 «Север», Ду-600 «СВПЗ».

Екібастұз бассейнінің көмірі «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО кәсіпорнында пайдаланылатын отынның негізгі түрі болып табылады, Екібастұз бассейнінің геологиялық қоры 140 жылға жетеді деп бағаланады. Қазандық цехтегі жабдықтардың арасында пайдаланудағы 11 энергетикалық қазандық және монтажданып жатқан 7 турбоагрегат бар. Турбиналық цехтің негізгі жабдықтары пайдаланудағы 7 турбоагрегаттан тұрады.

### «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ

«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «СҚ ЭТК» АҚ) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобындағы генерациялайтын орталық болып табылатын Петропавл 2-ЖЭО өндіретін электр энергиясын беруді жүзеге асырады.



«СҚ ЭТК» АҚ электр желілері КЕГОС электр желілері арқылы Қазақстан мен Ресейдің энергия кешенімен байланысты. Солтүстік Қазақстан облысының 8 ауданында және Петропавл қаласында электр энергиясын беру және үлестіру «СҚ ЭТК» АҚ-ның негізгі қызметі. Қызмет көрсету аумағы 44 952 шаршы шақырымды құрайды.

Компанияның құрылымына келесі бөлімшелер кіреді:

- Қызылжар, Мамлют, Жамбыл, Есіл, Тимирязев, Аққайың аудандық электр желілері, М. Жұмабаев атындағы аудандық электр желісі және Шал ақын ауданының аудандық электр желісі;
- магистральдік желілер мен шағын станциялардың оңтүстік учаскесі;
- қалалық электр желілері;
- өндірістік бөлімшелер мен басқармалар.

Тұтынушыларға көрсетілетін қызметтер қолжетімділігінің деңгейін арттыру мақсатында 2012 жылдың қыркүйек айында «СҚ ЭТК» АҚ Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығын ашты, онда кез-келген адам қызметтердің келесі түрлерін пайдалана алады:

- жер учаскелері мен сервитуттарды келісу;
- электр энергиясымен қамсыздандыруға және жылу энергиясымен қамсыздандыруға қосылуға арналған техникалық талаптарды беру;
- электр энергиясымен қамсыздандыруға қосылу/өшіру;
- есептегіштерді пломбалау;
- басқа да кеңес беру-жедел қызметтер.

#### Электр беру желілері

| ЭБЖ түрлері    | Ұзындығы, км    |
|----------------|-----------------|
| 220 кВ         | 84,7            |
| 110 кВ         | 1 327,1         |
| 35 кВ          | 2 853,1         |
| 6–10 кВ        | 4 616,2         |
| 0,4 кВ         | 4 685,1         |
| <b>Барлығы</b> | <b>13 566,4</b> |

#### Шағын станциялар

| Шағын станция түрлері | Саны         |
|-----------------------|--------------|
| 220 кВ                | 4            |
| 110 кВ                | 38           |
| 35 кВ                 | 121          |
| 6–10 кВ               | 2 316        |
| <b>Барлығы</b>        | <b>2 479</b> |



### «Петропавл жылу желілері» ЖШС

«Петропавл жылу желілері» ЖШС «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО кәсіпорнының көмегімен Петропавл қаласының тұтынушылары үшін жылу энергиясын беруді және үлестіруді жүзеге асырады. Кәсіпорын Петропавл қаласының магистральді және үлестіру желілерін жаңартуды жүргізуде, жылумен қамсыздандыру сапасына қойылатын жаңа талаптарды қамтамасыз етуге қабілетті жаңа энергиялық тиімді технологияларды іздестіруге және ендіруге бағытталған үздіксіз жұмыс жүргізуде.

«Петропавл жылу желілері» ЖШС Петропавл қаласындағы ұзындығы 231,5 шақырымды құрайтын жылу желілерін пайдаланады, соның ішінде:

- магистральді құбырлар – 83,8 шақырым;
- үлестіру құбырлары – 147,7 шақырым;
- сорғы станциялары – 33 бірлік;
- орталықтандырылған жылу пункттері – 17 бірлік;
- дренажды сорғы станциялары – 2 дана.

«Петропавл жылу желілері» ЖШС иелігінде жылу энергиясын беру және үлестіру қызметін жүзеге асыруға арналған, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді, еңбекті қорғауды, қауіпсіздік техникасының сақталуын қамтамасыз ететін бөлімшелер бар.

### «Севказэнергосбыт» ЖШС

«Севказэнергосбыт» ЖШС – Петропавл қаласының және Солтүстік Қазақстан облысының тұтынушыларына электр және жылу энергиясын беруді қамтамасыз ететін энергиямен қамсыздандырушы ұйым.

Тұрғындардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін көлемде энергия ресурстарын сенімді түрде әрі үздіксіз жеткізу серіктестік қызметінің негізгі бағыты болып табылады. 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Севказэнергосбыт» ЖШС тұтынушыларының жалпы саны электр энергиясы бойынша 160 539 адамды және жылу энергиясы бойынша 69 376 адамды құрады.

Облыстық орталықта тұрғындарға қызмет көрсететін, төлемдерді қабылдаумен айналысатын 3 пункт, облыстың аудандық орталықтарында 12 пункт жұмыс істейді. Банктермен төлемдерді қабылдау жөнінде, сондай-ақ банктердің терминалдары мен интернет-порталдар арқылы қызмет көрсету жөнінде 13 шарт жасалды.

Абоненттердің арасында энергияны үнемдеу идеясын үгіттеу мақсатында «Севказэнергосбыт» ЖШС тұтынылатын электр энергиясы бойынша тәулікті тарифтік аймақтау жүйесін іске асырады және тұрғындарға энергияны есепке алу аспаптарын орнату қажеттілігі туралы түсіндіруге бағытталған кең ауқымды жұмыстар жүргізеді.



### «Севказэнергосбыт» ЖШС энергия тұтынушылары санының өзгеру динамикасы

| Тұтынушылар саны | 2011 ж. | 2012 ж. | 2013 ж. |
|------------------|---------|---------|---------|
| электр энергиясы | 159 807 | 159 932 | 160 539 |
| жылу энергиясы   | 68 739  | 68 972  | 69 376  |

### 31.012.2013 жылғы нарық сегменттеріндегі жағдай бойынша тұтынушылар құрылымы

| Атауы                                | Саны           | Жалпы мөлшердегі үлесі |
|--------------------------------------|----------------|------------------------|
| <b>ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУШЫЛАР</b> |                |                        |
| Тұрғындар                            | 154 851        | 96,5%                  |
| Бюджеттік ұйымдар                    | 681            | 0,4%                   |
| Өнеркәсіп                            | 645            | 0,4%                   |
| Шағын, орта бизнес                   | 4 362          | 2,7%                   |
| <b>Барлығы</b>                       | <b>160 539</b> | <b>100%</b>            |
| <b>ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУШЫЛАР</b>   |                |                        |
| Тұрғындар                            | 67 194         | 96,9%                  |
| Бюджеттік ұйымдар                    | 209            | 0,3%                   |
| Өнеркәсіп, темір жол көлігі          | 217            | 0,3%                   |
| Шағын, орта бизнес                   | 1 756          | 2,5%                   |
| <b>Барлығы</b>                       | <b>69 376</b>  | <b>100%</b>            |



## Экономикаға шолу

Алдын-ала деректер бойынша 2013 жылы Қазақстанның жалпы ішкі өнімі 34,14 трлн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 6%-ға өсіп отыр. 2012 жылы ЖІӨ-нің өсімі 5%-ды құрады. ЖІӨ өсімі бұрынғыша айтарлықтай жоғары болмағанымен, өткен жылы экономикадағы жағдай біршама жақсарды.


ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша, 2013 жылы экономикалық өсім негізінен ішкі сұранысы жоғары салаларда байқалды. Бұл кезде тауарлардың кейбір түрлерінің әлемдік бағаларының төмендеуі және жоғары тұтынушылық белсенділіктің негізінде импорттық жеткізу көлемдерінің өсуі сыртқы экономикалық теңгерімге қысым көрсетті.

Соңғы жылдары қызметтер саласы экономикалық өсімнің түрткісі болып, ЖІӨ-нің 67%-ға өсуіне жағдай жасады. Ал өнеркәсіптік өндіріс пен ауыл шаруашылығының үлесі ЖІӨ өсімінің тек 14%-ын ғана құрап отыр.


Қызметтер саласындағы өндірістің өсімін ақпарат және байланыс, қаржылық және сақтандыру қызметі, көлік, сауда салалары қамтамасыз етті. Бұл кезде аталған салалардағы өсім қарқыны төмендеп, 2013 жылы 7,4%-ды құрады (2012 жылы 10,4%-ды құраған болатын), ал ЖІӨ-ге қосқан үлесі 5,5%-дан 4%-ға дейін қысқарды.

2013 жылдың үш тоқсанында тұтынушылар сұранысының өсуі арқасында қызметтер саласы ЖІӨ-нің 5,6%-ға өсуін қамтамасыз етті, бұл кезде жалпы өсім 5,7%-ды құрады. Бұл кезеңде үй шаруашылықтары тұтынушылық белсенділіктен қаражат үнемдеуге ауысқан еді, бұған себеп болған факторлардың бірі – шынайы жалақылар өсімінің баяулауы. Алайда төртінші тоқсанда сатып алу қабілеттілігі қайта өсе бастады, бұл тұтынушылардың ағымдағы жылы қаржылық жағдайлары жақсарды деген сеніміне байланысты.


Қазақстанның ЖІӨ динамикасы



Шынайы жалақының өсу деңгейі соңғы бірнеше жылда ең төмен болды



### 2013 жылы инфляция күрт төмендеді



Өнеркәсіптік өсім 2,3%-ды құрады, бұған себеп болған негізінен тау-кен өндіру секторындағы өсім (3,1%). Бұл секторда мұнай, газ және металл рудаларын өндіру көлемінің ұлғаюы байқалған еді. Өндірісінің 40%-ы дайын энергияны көп қажет ететін металлургиялық кешен қамтамасыз ететін өңдеу секторының өсімі төмендеу болды (1,6%). Мұндағы көлемдер бірінші кезекте тағам өнімдері мен сусындарды (12,5%) өндіру және машина жасау (14,7%) көлемдерінің өсуіне байланысты болды. Ал металлургиялық сектор Қытай мен Еуропа Одағының тарапынан сұраныстың төмендеуінің кесірінен, сондай-ақ, металдар бағаларының төмендеуінің салдарынан теріс динамиканы көрсетті.

2013 жылы инфляция 4,8%-ды құрады, бұл ҚР Ұлттық Банкі белгілеген 6–8%-дық мақсаттық мәннен төмен. ҚР ҰБ хабарлағандай, инфляциялық үрдістер бірінші кезекте тұрғындарға көрсетілетін ақылы қызметтердің қымбаттауының негізінде қалыптасты, бұл кезде 4-ші тоқсанды қоспағанда, бүкіл жыл бойы тағам және тағамдық емес өнімдер бағаларының өсуі баяу жүрді.

2013 жылы электр энергиясының бағасы 7,3%-ға өссе, жылу құны 4,3%-ға өсті, бұл 2012 жылдың тиісті көрсеткіштерінен төменірек (сәйкесінше 10,1% және 9,3%-ға). Электр энергиясының бағалары үкіметтің 2009 жылғы 25 наурыздағы қаулысының аясында өсіріліп келеді, бұл қаулыда электр энергиясы тарифінің 2015 жылға дейін жыл сайын өсуі көзделген, осының арқасында тиісті инфрақұрылымды жаңартуды жүзеге асыруға мүмкіндік туындайды. Жылу энергиясы бағалары өсуінің бірден-бір себебі — көмір мен мазут сияқты шикізаттың қымбаттауы.

### Электр және орталықтандырылған жылумен қамту бағаларының өсуі баяулады

Өткен жылдың желтоқсан айындағы жағдай бойынша кезеңнің соңындағы бағалардың индексі, пайыздармен берілген



Телем теңгерімінің құрылымындағы ағымдағы шот 2009 жылдан бері алғаш рет теріс болды. Бұл көрсеткіштің нашарлау себебі — металлургиядағы жағдай, бұл саладағы әлемдік сұраныс көлемдерінің теріс тенденцияларын нашар баға конъюнктурасы толықтырды. Бұл кезде тұтынушылық және инвестициялық тауарларды сырттан әкелу физикалық көлемінің шамалы өсімі байқалды, бұл да сыртқы теңгерімге кері әсерін тигізді.

Қысқа мерзімді перспективаға болжам жасай отырып, сарапшылар алдағы екі жылда қазақстандық экономиканың динамикасы 2013 жылғы динамикаға ұқсас болады деп бір ауыздан айтып отыр. Экономикаға негізгі әсерін тигізетін факторлардың арасында мұнай бағаларының өсуін, әлемдік өнеркәсіптегі, бірінші кезекте металлургия саласының конъюнктурасына әсерін тигізетін Қытай өнеркәсібіндегі жағдайды және Қашаған кен орнын пайдалану перспективаларын атап өтуге болады.

### Қазақстан экономикасының өсім болжамы

| Болжам авторлары   | 2014 ж. | 2015 ж. |
|--|---------|---------|
| Халықаралық валюта қоры (2013 жылғы қазан)                         | 5,0%    | 5,2%    |
| Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (2014 жылғы наурыз) | 6,0%    | 6,0%    |
| Бүкіләлемдік банк (2014 жылғы қаңтар)                              | 5,5%    | 5,7%    |
| Еуразиялық даму банкі (2014 жылғы қаңтар)                          | 5,3%    | 5,6%    |

Ақпарат көзі: ҚР ҰБ



## Энергетикалық салаға шолу

Электр энергетикасы Қазақстанның өнеркәсіптік өндірісінің бүкіл көлемінің 7%-дан астам үлесін қамтамасыз етеді, Қазақстандағы бүкіл электр энергиясының 84%-ын жылу электр станциялары өндіреді.


## ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ

### Генерация

Қазақстанда электр энергиясын өндіруді меншік нысаны әр түрлі келетін 72 электр станциясы жүзеге асырады. 2013 жылдың соңындағы жағдай бойынша, Қазақстан электр станцияларының жалпы белгіленген генерациялау қуаты 20 591,5 МВт-ты құрады.

2013 жылы республикада электр энергиясын шығарудың жиынтық көлемі 91,9 млрд кВт-сағ. шамасына жетті, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 1,9%-ға жоғары. Бұл кезде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарлама аясында енгізілетін, энергияны үнемдеуші технологияларды енгізу арқасында электр энергиясын тұтыну көлемі 2%-ға төмендеді.

### 1993–2013 жылдары өндірілген энергия көлемінің орташа өсімі — 3,8%



Электр энергиясының басым бөлігін Павлодар отын-энергетикалық кешені, сондай-ақ республиканың өнеркәсіптік тұрғыдан ең дамыған аймақтары болып табылатын Қарағанды және Шығыс Қазақстан облысының генерациялаушы кәсіпорындары шығарады.


Қазақстанның солтүстік аймақтарында электр энергиясын шығару көлемі үнемі тұтыну деңгейінен жоғары болады, ал оңтүстік аймақтарда кері жағдай қалыптасып отыр. Батыс Қазақстанда шығарылатын электр энергиясының көлемі аймақтың қажеттіліктерін толықтай қанағаттандырады.

Шығарылған электр энергиясының артық көлемі ішкі нарықта ұсынылады және Ресей Федерациясына немесе Орталық Азия мемлекеттеріне экспортқа беріледі.

2013 жылы электр энергиясын Қазақстаннан Ресейге экспорттау көлемі екі есе өсті — 2012 жылы экспорт көлемі 1,98 млрд кВт-сағ. болса, бұл көрсеткіш 2013 жылы 3,75 млрд кВт-сағ. көлеміне дейін жетті. Керісінше Қазақстанға импорттау көлемі 2,55 млрд кВт-сағ.-тан 1,6 млрд кВт-сағ.-қа


### Павлодарлық ОЭК елдің энергетика саласында жетекші орында

2013 жылы Қазақстандағы электр энергиясы өндірісінің аймақтық құрылымы



### Қуат тапшылығы жаңа энергия көздерін енгізу есебінен қысқартылады

Қазақстанның бірыңғай энергетикалық жүйесінің (БЭЖ) қуаты (ГВт) және қуат тапшылығының деңгейі (ең жоғары тұтыну деңгейінің пайыздарымен берілген)



дейін қысқарды. Еуразиялық экономикалық одақ құрылғанда экспорт көлемі ұлғаяды деп күтілуде. Электр энергиясын Қазақстаннан Беларуське экспорттау мүмкіндігі көзделіп отыр.

### Электр энергиясын беру және тарату

Қазақстан Республикасының бірыңғай электр-энергетикалық жүйесі (БЭЖ) еуро-азиялық құрылыстың 500–1 150 кВ-тық көліктік магистральдық электр желісінің орталығында орналасқан, оның бағыттары төмендегідей:

- Ресейдің ЭЭЖ Еуропалық бөлігі;
- Ресейдің ЭЭЖ Азиялық бөлігі (Сібірдің біріктірілген энергетикалық жүйесі);
- Орталық Азияның біріктірілген энергетикалық жүйесі.

Қазақстан Республикасының электр желілері шағын станциялардың, тарату құрылғыларының және оларды қосатын, кернеуі 0,4–1 150 кВт, электр энергиясын беруге және (немесе) таратуға арналған электр энергиясын беру желілерінің жиынтығы болып табылады.

Ұлттық электр желісі (ҰЭЖ) БЭЖ-де жүйенің негізін құрайтын желінің ролін атқарады, ол ел аймақтарының және шекаралас мемлекеттердің (Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы) энергия жүйелерінің арасындағы электрлік байланыстарды, сондай-ақ, электр станцияларының электр энергиясын беруін және энергияның көтерме тұтынушыларға жеткізілуін қамтамасыз етеді.

Электр энергиясын беру желілерінен, орталықтандырылған тарату орталығынан, сондай-ақ кернеуі 35 кВ-тан 1 1500 кВ-қа дейін болатын трансформаторлық шағын станциялардан тұратын, елдің барлық аймақтарын қамтитын ұлттық электр желісі «Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компанияның» (KEGOC) бақылауында. KEGOC кернеуі 110–500 кВ-ты құрайтын аймақ аралық және мемлекет аралық желілер бойынша электр энергиясын беру функцияларын, сондай-ақ электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңдестіруді ұйымдастыру, ЭЭЖ-ні жедел-диспетчерлік түрде басқару функцияларын атқарады.

Аймақтық деңгейдегі электр желілері аймақтардың ішіндегі байланыстарды қамтамасыз етеді, сондай-ақ бөлшек тұтынушыларға электр энергиясын беруді қамтамасыз етеді. Аймақтық деңгейдегі электр желілері аймақтық электр желілік компаниялардың (АЭК) теңгерімінде және пайдалануында. Жиырма АЭК кернеуі 0,4–220 кВ-ты құрайтын желілер бойынша аймақтық деңгейде электр энергиясын беруді және таратуды жүзеге асырады.



Энергия беретін ұйымдар шарттардың негізінде меншікті немесе пайдаланылатын электр желілері арқылы көтерме және бөлшек нарықтың тұтынушыларына және энергиямен қамсыздандырушы ұйымдарға электр энергиясын беруді жүзеге асырады.

Энергиямен қамсыздандырушы ұйымдар электр энергиясын көтерме нарықтан сатып алады, одан әрі орталықтандырылған сауда-саттықта оларды бөлшек тұтынушыларға сатады.

### Тарифтің қалыптасуы

Қазақстанда электр энергиясын өндіру, беру және өткізу тарифтерін мемлекет реттейді.

ҚР Үкіметі 2012–2015 жылдары электр энергиясын өндірудің шекті тарифтерін бекітті (ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 25 наурыздағы № 392 қаулысы).

Электр энергиясын беру қызметтерінің тарифтерін Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігі (ТМРА) реттейді. 2013 жылға дейін электр энергиясын беру тарифі компанияның энергияны беруге және таратуға жұмсаған сметалық шығындарына сәйкес белгіленіп келген еді.

ТМРА Төрағасының 2012 жылғы 27 маусымдағы №152-ОД бұйрығына сәйкес 2013 жылдан бастап электр энергиясын беру тарифтерін қалыптастыруды салыстырмалы түрде талдау әдістемесі бекітілді. Бұл әдіс жеке АЭК-ның тиімділік параметрлерін басқа АЭК-ның көрсеткіштерімен салыстыруды, әр АЭК үшін нәтижелілікті арттыру міндеттерін белгілеуді, АЭК-ның тарифінде амортизациялық аударымдар мен пайданы қамтитын инвестициялық құрамдас бөлшекті есепке алуды көздейді. Салыстырмалы талдау күнтізбелік жылдағы өндірістік және қаржылық көрсеткіштер жөніндегі ақпараттың негізінде жыл сайын жүргізіледі, бұл ақпаратты АЭК бір жыл бұрын берілген ақпаратпен салыстыра отырып береді.

Тарифте жабдықтардың физикалық тозуын төмендетуге бағытталған инвестициялық бағдарламаны іске асыруға арналған инвестициялық құрамдас бөлшектің міндеттілігі бүгінгі реттеу жүйесінің маңызды аспектісі болып табылады.

## Электр энергиясын өткізу

Электр энергиясының нарығы көтерме және бөлшек нарық деген екі деңгейден тұрады.

Қосылған қуаты 1 МВт-тан кем болатын, электр энергиясын пайдаланатын барлық тұтынушылар және оларға бәсекелестік жағдайларында электр энергиясын сатуды жүзеге асыратын энергиямен қамсыздандырушы ұйымдар бөлшек нарықтың қатысушылары болып табылады.

Орталықтандырылған нарықта электр энергиясын өткізу «ЭҚНҚО» (Электр энергиясы мен қуаты нарығының қазақстандық операторы) АҚ жүйелік (биржалық) операторы арқылы жүзеге асырылады.

Электр энергиясы нарықта «бір тәулік бұрын», «бір ай бұрын» жеткізу жөніндегі шарттар түрінде сатылады.

Электр энергиясын сатуға арналып өткізілген орталықтандырылған сауда-саттықтың нәтижелері бойынша 2013 жылдың 9 айы ішінде жалпы сомасы 26 767,7 млн теңгені құрайтын, көлемі 4 335, 5 млн кВт-сағ. шамасын құрайтын 3 433 мәміле жасалды.

Орталықтандырылмаған нарықтағы сатушылар мен сатып алушылар өзара тікелей екі жақты сатып алу-сату шарттарын жасасады.

Электр энергиясының түпкілікті тарифінің шамасы компанияның қызмет ететін аймағына байланысты құбылады. Электр энергиясының құны аймақта электр энергиясының ішкі көздерінің бар-жоғына, сыртқы көздерден қашықтығына және өндірістің өзіндік құнына тәуелді.

«Электр энергетикасы туралы» заңға сәйкес, 2008 жылы электр энергиясының теңдестіруші нарығы (ЭТН) теңдестіруші нарықта сатылып алынған және сатылған электр энергиясы үшін өзара есеп айырысу шарасынсыз еліктемелік режимде қызмет ете бастады. Еліктемелік модельді енгізу мақсаты – ЭТН субъектілерінің өзара әрекет ету механизмін қалыптастыру, Қазақстанның БЭЖ-де электр энергиясын өндіру-тұтыну үйлесімсіздігінің нақты шамаларын айқындау, реттеуші қуаттарға деген қажеттіктерді нақтылау, теңдестіруші энергия бағаларының ауқымын айқындау.

2010 жылдан бастап электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі (ЭКЕАЖ) сияқты бағдарламалық өнімдерді пайдалана отырып еліктемелік режимде электр энергиясының теңдестіруші нарығының жұмысын кешенді түрде тестілеу басталды. Бүгінгі таңда ЭКЕАЖ «ОАЭК» АҚ-ның кәсіпорындарында сәтті түрде енгізіліп келеді.

2016 жылы теңдестірілетін электр энергиясының нарығын еліктемелік модельден шынайы модельге ауыстыру жоспарланып отыр.

## ЖЫЛУ ЭНЕРГЕТИКАСЫ

Республикада жылу энергетикасын 38 ЖЭО-нан тұратын орталықтандырылған жылумен қамсыздандырудың 42 ірі жүйесі шығарады, жылу энергиясының қалған көлемі тұтынушыларға 30 аудандық қазандықтан келеді. 2013 жылы жылу энергиясының өндірісі 4,8%-ға қысқарып, 98,4 млн. Гкал.-ды құрады.

Республиканың жылумен орталықтандырылған түрде қамсыздандыру жүйесі элементтерінің кешені жылыту электр станцияларын, сондай-ақ тұтынушыларға жылуды жеткізу жүйелерін (магистральдық және тарату жылу желілерін) және тұтынушылардың жылуды алу жүйелерін (элеваторлық тораптарды, жылу пункттерін, үй ішілік ажыратуды) қамтиды.

Ұзақтығы 12,2 мың шақырымды құрайтын жылу желілері тозуының жоғары деңгейі елдің жылумен қамсыздандыру саласының негізгі мәселесі болып табылады, бүкіл елдегі жылу желілерінің орташа тозу деңгейі 63%-ды құрайды, соның ішінде олардың 40%-ының немесе 9,6 мың шақырымының тозу деңгейі жүз пайызды құрайды. Жабдықтарды жетілдіруге бағытталған ауқымды қаржылық дотациялар бөлінген жағдайда ғана саланың одан әрі тұрақты түрде жұмыс істеуі мүмкін болады.

Бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасында жылу желілерін жаңарту ауқымды науқан сипатында болмаған еді. Қазақстанның Өңірлік даму министрлігі 2014 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған жылу желілерін жаңарту жоспарын әзірледі, оған сай жылу желілерін жаңарту үшін тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының республикалық бюджеттен 120 миллиард теңге бөлуі және жергілікті бюджеттерден 12 миллиард теңге бөлу көзделіп отыр. Жоспарда 400 мың Гкал-дан астам жылу энергиясын тасымалдауды жүзеге асыратын желілерді, атап айтқанда Астана,

Алматы қалаларында және облыс орталықтарында қызметтер көрсететін, елдің экономикасына мультипликативті түрде ықпал ететін 17 субъектідегі желілерді қалпына келтіру көзделген.

Қазақстанда жылу энергиясының тарифтерін реттеуші қадағалайды және осындай тарифтер 2012 жылдан бастап тұтынушының энергияны есепке алу құралдарының бар-жоғына байланысты дифференциациялау принципі бойынша есептеледі.

Жылу энергиясының тарифі жылу энергиясын өндіру тарифі, жылу энергиясын беру тарифі және жылу энергиясымен қамсыздандыру тарифі сияқты үш құрамдас бөлшектен тұрады. Нарыққа табиғи монополияның жаңа субъектісі келген жағдайларды қоспағанда, «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңы 14-бабының 14-тармағына сай тарифтердің қолданылу мерзімі кем дегенде он екі айға белгіленеді.

## НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

2013 жыл Қазақстанның электр энергетикасының генерациялайтын қуаттарын жаңарту жөніндегі «Инвестицияларды алмастырған тариф» мемлекеттік бағдарламасы үшін шешуші жыл болды. 2009 жылдан бастап 2013 жылды қоса алғанға дейінгі кезеңде (бұл кезеңде электр энергиясын өндірудің шекті тарифтері қолданылды) 1 700 МВт-тан астам қуат енгізілді. Жалпы шекті тарифтер қолданылатын бүкіл кезеңде (2009 жылдан бастап 2015 жылды қоса алғанға дейінгі кезеңде) жаңа электр қуатының 3 000 МВт-ын енгізу жоспарланып отыр.

2013 жылы электр станцияларының жабдықтарын жаңартуға және қуатын ұлғайтуға бағытталған келесі жұмыстар жүргізілді:

- Ақсу МАЭС-ның №6 энергия блогы жаңартылып, қуаты 300 МВт-тан 325 МВт-қа дейін ұлғайтылды;
- Петропавл 2-ЖЭО кәсіпорнының («ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ) №4 турбоагрегаты жаңартылып, қуаты 30 МВт-тан 60 МВт-қа дейін ұлғайтылды;
- Өскемендік ЖЭО кәсіпорнының («АЕС Өскемен ЖЭО» ЖШС) №11 турбоагрегаты жаңартылып, қуаты 100 МВт-тан 120 МВт-қа дейін ұлғайтылды.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің (ИЖТМ) деректері бойынша генерациялайтын көздердің инвестициялық бағдарламаларының жалпы құны 2015 жылға дейін 988,4 млрд теңгені құрайды. Барлық энергия көздеріндегі жабдықтардың тозу деңгейі шамамен алғанда 70%-дан (2009 жылы) 58,8%-ға (2013 жылдың соңындағы жағдай бойынша) төмендеді.

2013 жылы 2010–2014 жылдарға арналған Жылдамдатылған индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламаға қосылған электр энергетикасы жөніндегі 14 жобаның сегізін іске асыру аяқталды.

2013 жылы саланы және оның жеке сегменттерін дамыту стратегиясын қалыптастыруға қатысты, сол сияқты отандық энергетиканың қазіргі кезде қолданылып жүрген элементтерін реттеуді арттыруға қатысты 20-дан астам нормативтік-құқықтық акт қабылданды.

2013 жылдың шілде айында ҚР Үкіметі «Энергияның жаңартылатын көздерін пайдалануды қолдау мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылдады, оған сай баламалы энергетика нысандары электр энергиясы нарығының толыққанды қатысушылары болып табылады. Бұл заңның негізінде энергияның жаңартылатын көздеріне арналған тарифтерді есептеу жүйесі бекітіледі.

2013 жылдың тамыз айында ҚР Үкіметі «Энергия үнемдеу – 2020» мемлекеттік бағдарламасын бекітті, бұл бағдарламаның мақсаты – Қазақстанның ЖІӨ-нің энергия жұмсалымы деңгейін төмендетуге жағдай жасау және энергия тиімділігін арттыру. Бағдарламаның аясында отандық кәсіпорнды жаңарту және оның энергия тиімділігін арттыру, электр және жылу желілеріндегі шығындардың деңгейін қысқарту және халыққа энергияны үнемдеуді үгіттеу жоспарланып отыр.

2013 жылы ҚР Үкіметі 2016 жылдан бастап электр қуаты нарығын (ЭҚН) енгізуге қажетті құқықтық базаны қамтамасыз ететін бірқатар қаулы шығарды:

- жаңадан пайдалануға енгізілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының дайындығын қолдауға бағытталған қызметті сатып алу жөніндегі типтік шарт бекітілді;
- ЭҚН-ын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу ережелері айқындалды.

## САЛА ДАМУЫНА БОЛЖАМДАР

Қазақстанда экономиканың негізгі секторларын болашақты көздеп инфрақұрылымдық тұрғыдан қамтамасыз ету қажеттігі туындап отыр. Республикада Үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда. Электр энергетикасы экономиканың негізгі салаларының бірі болып табылады, бұл сала мемлекеттің саяси және әлеуметтік салаларында маңызды роль атқарады.

Экономиканы диверсификациялау энергетикалық секторға елеулі кері әсерін тигізеді. Ішкі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін электр энергиясын өндіру деңгейін арттыру қажет болады. Осыған орай генерациялайтын және тарататын қуаттардың ескілерін кеңейтуге әрі қалпына келтіруге және жаңаларын салуға бағытталған жұмыстар жүргізілетін болады.

2013 жылдың тамыз айында ҚР Үкіметі «Энергия үнемдеу – 2020» мемлекеттік бағдарламасын бекітті, бұл бағдарламаның мақсаты – Қазақстанның ЖІӨ-нің энергия жұмсалудың деңгейін төмендетуге жағдай жасау және энергия тиімділігін арттыру. Бағдарламаның аясында отандық кәсіпорынды жаңарту және оның энергия тиімділігін арттыру, электр және жылу желілеріндегі шығындардың деңгейін қысқарту және халыққа энергияны үнемдеуді үгіттеу жоспарланып отыр.

Энергетикалық секторды дамыту аясында Қазақстан атмосфераға шығарылатын зиянды газдарды қысқарту жаһанды мақсатына қол жеткізуге септігін тигізетін болады. Атомдық энергетиканы дамыту арзан, экологиялық таза энергияны алу тәсілдерінің бірі болып табылады.

Атомдық энергетикалық кешендер жанармай және минералды ресурстарды оңтайлы және теңдестірілген түрде пайдалануға мүмкіндік береді.

Экологиялық мәселелерді шешу қажеттігі энергияның жаңартылатын көздерін пайдалануға итермелейді, бүгінгі таңда Қазақстанда энергия тұтынудың жалпы көлеміндегі олардың үлесі 1%-дан аз көлемде.

2020 жылға дейін стратегиялық даму жөніндегі 2010 жылғы 1 ақпанда бекітілген ҚР жоспарына сай, энергетика саласындағы стратегиялық мақсаттар төменде аталғандарды қамтиды:

- пайдаланылып келе жатқан генерациялайтын қуаттарды және энергия тарату желілерін қалпына келтіру және жаңарту;
- 2015 жылға дейін энергияның баламалы көздерін пайдалану үлесі жалпы энергия тұтыну көлемінің 1,5%-нан астам үлесті құрауы тиіс;
- 2020 жылға дейін экономиканың қажеттіліктерін қанағаттандыратын меншікті көздерден энергия шығару көлемі 100%-ды құрауы тиіс; энергияның баламалы көздерін пайдалану үлесі жалпы энергия тұтыну көлемінің 3%-нан астам үлесті құрауы тиіс;
- атомдық электр станциясын және Балқаш ЖЭС-ын салу және пайдалануға енгізу;
- ядролық отын циклі бар, вертикалды интеграцияланған компания құру.

## «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ БӘСЕКЕЛЕСТІК ЖАҒДАЙЫ



Елдің энергетикалық нарығын дамыту аясында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2013 жылғы қызметінде өткен кезеңмен салыстырғанда, электр энергиясын шығару деңгейінің өсімі байқалып отыр, бұл өсім 192,9 млн кВт·сағ.-ты немесе 8%-ды құрады. Бұл дерекке «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ негізгі жабдықтарын жетілдіруге және қайта құруға бағытталған кең ауқымды жұмыстар себепші болып отыр. Сәйкесінше көтерме нарыққа электр энергиясын өткізу көлемі ұлғайып отыр.

Электр энергиясының көтерме нарығындағы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның негізгі бәсекелестері – «ЕЭК» АҚ (Ақсу МАЭС), «АЕС Екібастұз» ЖШС (1-ЭМАЭС) және «Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ (2-МАЭС).

Электр энергиясы мен қуаттың сыртқы (көтерме) нарығында электр энергиясын өткізген кезде «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2015 жылға дейін ҚР басқа энергия өндіруші ұйымдарының алдында бәсекелестік артықшылыққа ие.

Бұл артықшылық ҚР Үкіметінің 25.03.2009 жылғы № 392 қаулысының негізінде туындап отыр, оған сәйкес «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ үшін белгіленген шекті тарифтер ҚР-ның басқа энергия өндіруші станцияларына қарағанда, 14%-ға төмен.

Сөйтіп, сыртқы нарықта электр энергиясын өткізу көлемдері тек «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО кәсіпорнының энергия шығарудағы техникалық мүмкіндіктерімен ғана шектеледі.

| Көрсеткіш   | 2013 ж. |
|---|---------|
| ҚР бойынша электр энергиясын өндіру, млн кВт·сағ                                  | 91 973  |
| «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ электр энергиясын өндіру, млн кВт·сағ                           | 2 603   |
| ҚР бойынша электр энергиясын өндіру көлеміндегі «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ үлесі, %        | 2,8     |
| «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ сыртқы шарттары бойынша жасалатын мәмілелер көлемі, млн кВт·сағ | 1 284,6 |
| Экспорт, млн кВт·сағ  | 28,6    |



# Қызмет нәтижелеріне шолу

## ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

2013 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның құрамына кіретін кәсіпорындар 2 603 млн кВт·сағ. көлемінде электр энергиясын өндірді. Электр станцияларының шиналарынан энергия босату көлемі 2 269 млн кВт·сағ.-ты құрады, жылу энергиясын босату көлемі 1 791 мың Гкал-ды құрады. 2012 жылмен салыстырғанда электр энергиясын өндіру көлемдерінің өсімі 8%-ға жетті, бұл кезде электр энергиясын шиналардан пайдалы босату көлемі 9,6%-ға өсті.

2013 жылы 22 мамырда «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ мен Еуропалық қайта құру және даму банкінің арасында сомасы 49 млн. АҚШ долларын құрайтын қарыз шарты жасалды, соның ішінде 40 млн. АҚШ доллары Петропавл 2-ЖЭО кәсіпорнының негізгі өндірістік жабдықтарын жетілдіруге және жаңартуға, сондай-ақ өндірісінің экологиялық жағдайларын жақсартуға, ал 9 млн. АҚШ доллары

Солтүстік Қазақстан облысының электр желілерін жаңарту және қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық бағдарламаны қаржыландыруға бағытталады.

Жабдықтардың сенімділік деңгейін арттыру және аймақтың тұтынушыларын үздіксіз сапалы энергиямен қамсыздандыру мақсатында «СЕВКАЗЭНЕРГО» тобының кәсіпорындары жыл сайын жүргізетін жұмыстардың ауқымды көлемі бұл қаржылық салымдарды жасауға себепші болып отыр.

«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ үшін 2013 жыл маңызды жыл болды. Бұл жылы электр желілері кәсіпорнының құрылғанына 50 жыл толды. Инвестициялық бағдарламаның аясында негізгі жабдықтарды қайта құру барысында кәсіпорын №8 үлестіру пунктін, кабель желілерін қазіргі заманғы СИП маркалы сымдарға ауыстыра отырып әуе желілерін жетілдіруді, Петропавл қаласындағы бірқатар трансформаторлық шағын станцияларды жетілдіруді жүзеге асырды.

Сондай-ақ 2013 жылы Петропавл 2-ЖЭО кәсіпорнының жаңа №2 күл үйіндісін салу жобасы аяқталды, ол алдағы 20 жыл ішінде қоршаған ортаға зиян келтірмей, үздіксіз энергия беруді және күл-қож қалдықтарын жинауды қамтамасыз етеді. Инвестициялардың жалпы көлемі 3,3 млрд теңгеден астам соманы құрады.

### Негізгі өндірістік көрсеткіштер

| Атауы  | 2011 ж. | 2012 ж. | 2013 ж. |
|--|---------|---------|---------|
| Белгіленген электр қуаты, МВт                            | 357     | 347     | 434     |
| Электр энергиясын өндіру, млн кВт·сағ.                   | 2 513   | 2 410   | 2 603*  |
| Қазақстан электр энергиясы өндірісі көлеміндегі үлесі, % | 2,9     | 2,6     | 2,8     |
| Электр энергиясын тасымалдау, млн кВт·сағ.               | 1 069   | 1 191   | 1 173   |
| Электр энергиясын тауарлы босату, млн кВт·сағ.           | 1 966   | 1 860   | 2 080   |
| Белгіленген жылу қуаты, Гкал                             | 803     | 779     | 793     |
| Жылу энергиясын өндіру, мың Гкал                         | 1 868   | 1 918   | 1 791** |
| Жылу энергиясын тасымалдау, мың Гкал                     | 1 322   | 1 304   | 1 257   |
| Жылу энергиясын тауарлы босату, мың Гкал                 | 1 312   | 1 295   | 1 250   |

\* 2013 жылы электр энергиясын өндіру көлемінің ұлғайтылуы Петропавл 2-ЖЭО кәсіпорнында турбогенератордың пайдалануға енгізілуіне байланысты.

\*\* Қазақстанның солтүстік аймақтарында 2012 жылы сыртқы ауаның орташа температурасы -7,6 °С-ты құраса, 2013 жылы -0,8 °С-ты құрады, сондықтан 2013 жылдың 4-тоқсанында сыртқы ауаның жоғары температурасы жылу энергиясын генерациялау деңгейінің төмендеуінің негізгі себебі болып табылады.

### 2013 жылғы электр және жылу энергиясына белгіленген орташа босату тарифтері (ҚҚС қоса есептегенде)

|              | Электр энергиясы, теңге/кВт·сағ. | Жылу энергиясы, теңге/Гкал |
|--------------|----------------------------------|----------------------------|
| Петропавл қ. | 11,27                            | 3 096                      |



## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

Есептік жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның инвестициялық бағдарлама іс-шараларын іс жүзінде орындауы 13,76 млрд теңгені құрады. 2009 жылдан бастап 2013 жылды қоса алғанға дейінгі кезеңде Компанияның инвестициялық бағдарламасы аясында барлығы 38 млрд теңгеден астам қаражат игерілді. Бұл қаражаттың 17,71 млрд теңгесі генерациялаушы активтерді жаңартуға бағытталған мемлекеттік шекті тарифтер бағдарламасының арқасында тартылды. «СЕВКАЗ-ЭНЕРГО» АҚ инвестициялық бағдарламасы бюджетінің басқа бөлігі тартылған қарыздардан және Компанияның меншікті қаражатынан құралды.

Жоғарыда аталған инвестициялардың басым бөлігі (32,5 млрд теңге) жаңа активтерді жасауға, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО кәсіпорнының қолда бар жабдықтарын кеңейтуге, жаңартуға, қайта құруға, жетілдіруге және техникалық тұрғыдан қайта жарақтауға бағытталған.

2013 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ өзіне алған инвестициялық міндеттемелерін толықтай атқарды. 2013 жылы Петропавл 2-ЖЭО-н қайта құрып, дамытуға Компания 12,24 млрд теңге бөлді. 2013 жылдың желтоқсан айында Петропавл 2-ЖЭО кәсіпорнында №4 станцияның жаңа турбоагрегаты іске қосылды. Жаңа жабдықтарды орнатудың арқасында станция электр энергиясын босату деңгейін 50 МВт-қа, жылу энергиясын босату деңгейін 96 Гкал-ға ұлғайтты. Енді қосымша электр энергиясын шығару көлемі жылына 388,8 млн кВт-сағ. деңгейіне жетсе, отын үнемдеу деңгейі жылына 63,7 мың тонна көмірді құрайды, ал белгіленген электр қуатын пайдалану коэффициенті 81,45%-ға дейін артады. Жоба құны 6,1 млрд теңгені құрады. Өнімділігі 270 тонна-сағ. №8 жаңа қазандық агрегатты (БК-270–9,8–540 ҚА) монтаждау жұмыстары атқарылды. «Уральский турбинный завод» ЖАҚ Т-42–90 (ТАН №1), Р-33–90 (ТАН №5) турбиналарын және «ЭЛСИБ» ҮЕҰ» ААҚ ТАН №5 турбинасын әкелуге алдын-ала ақшасы төленді. Сондай-ақ, 2013 жылы Петропавл 2-ЖЭО кәсіпорнының жаңа №2 күл үйіндісін салу жобасы аяқталды, ол алдағы 20 жыл ішінде қоршаған ортаға зиян келтірмей үздіксіз энергия беруді және күл-қож қалдықтарын жинауды қамтамасыз етеді. Инвестициялардың жалпы көлемі 3,3 млрд теңге құрады.

Инвестициялық бағдарламаның жоспарланған іс-шараларын іске асыру электрлік желілердің жұмыс істеу сенімділігін арттыруға, электр энергиясымен қамсыздандыру үздіксіздігін және сапасын қамтамасыз етуге, нормативтік техникалық шығындарды бекітілген деңгейден (13,45% немесе 177 140,6 мың кВт-сағ.) 28 387,2 мың кВт-сағ.-қа немесе 2,27%-ға төмендетуге және есептік жылы электр энергиясының нормативтен астам шығындарының туындауына жол бермеуге мүмкіндік берді.



Инвестициялық бағдарлама аясында орындалған іс-шаралар негізгі құралдар тозуының деңгейін 2013 жылдың басындағы жағдай бойынша 75,2%-ға және 2013 жылдың соңындағы жағдай бойынша 73,8%-ға төмендетуге, электрлік желілердегі апаттылықты төмендетуге, технологиялық бұзушылықтардың мөлшерін 26,9%-ға азайтуға және электр энергиясының берілмей қалу деңгейін 24,5 мың кВт-сағ.-қа немесе 17,8%-ға қысқартуға мүмкіндік берді, осы арқылы тұтынушылар сенімді түрде электр энергиясымен қамтамасыз етілді.

«Петропавл жылу желілері» ЖШС 2013 жылғы маңызды жобаларының бірі – ұзақтығы 1,8 км болатын ТМ №2 магистральді құбыр өткізгішін ауыстыру болды. Аумақта жаңа технология – пенополиуретанды қаптамадағы құбырлар қолданылды, ол құрылғының жарамдылық мерзімін арттырады.

## ДАМУ ЖОСПАРЛАРЫ

### 2014 жылға жоспар

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО кәсіпорнының 2014 жылға арналған жоспарларының ішінде №8 станцияның жаңа қазандық агрегатын іске қосу және №12 станцияның қазандық агрегатын қайта құру бар. №1 станцияның турбоагрегатын (пайдалануға енгізу мерзімі 2015 жылға жоспарланған) және №5 турбоагрегатты (пайдалануға беру мерзімі 2016 жылға жоспарланған) ауыстыруға бағытталған жұмыстар басталады.

Тұтынушыларды электр және жылу энергиясымен үздіксіз әрі сенімді түрде қамсыздандыру «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО кәсіпорнының 2014 жылғы негізгі міндеті болып табылады: 2 689,1 млн кВт-сағ. мөлшердегі электр энергиясын шығару, электр энергиясының шиналарынан 2 336,6 млн кВт-сағ. босату, станцияның коллекторларынан 1 830,7 мың Гкал мөлшердегі жылу энергиясын босату жоспарланып отыр.

2014 жылы Компания ЭКЕАЖ-ін (электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін) ендіруге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруды жалғастырады, бұл жүйе энергияны үнемдеуге және энергия ресурстарын тиімді пайдалануға арналған. Қазіргі кезде инновациялық технология жоғарғы деңгейдегі 15 есепке алу нүктелерінде орнатылған, сондай-ақ, қала мен облыстың 4 шағын станциясында (ШС) жоғары жиілікті байланысты жетілдіру жүзеге асырылды. Жалпы тұрмыстық тұтынушы ЭКЕАЖ-ін 1 369 есепке алу нүктесіне орнату жоспарланып отыр.

2014 жылдың жаз мезгілінде Петропавл қаласының жылу магистралін қайта құруға бағытталған жұмыстар жалғасады, құбырлардың 7,8 шақырымын ауыстыру көзделіп отыр.



### 3 жылдық жоспар

Алдағы 3 жылда Инвестициялық бағдарламаны одан әрі іске асыру аясында компания ISO 50001 стандартына сәйкес энергия үнемдеу саясатын жоспарлы түрде жүргізуді жалғастыруға ниетті.

Компания №1 станцияның турбоагрегаттарын (2015 жылға дейін) және №5 станцияның турбоагрегаттарын (2016 жылға дейін) және №1 қазандық агрегаттарын (2016 жылға дейін), №2 қазандық агрегаттарын (2017 жылға дейін) және №3 қазандық агрегаттарын (2018 жылға дейін) ауыстыруды жоспарлап отыр. Орал турбиналық зауытымен №1 және №5 станцияға турбоагрегаттарды жеткізу жөніндегі келісімшарттар, сондай-ақ «ЭЛСИБ» ҰЕҰ-мен №5 станцияға турбина генераторын жеткізу жөніндегі келісімшарт жасалды. Қазіргі уақытта өндіруші зауыттармен жаңа қазандық агрегаттарын орнату жөнінде келіссөздер жүргізілуде.

## ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

### 2013 жылғы қаржы-шаруашылық нәтижелерге талдау

2013 жылдың қорытындылары бойынша «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ жалпы 20 млрд теңгеден асатын сомаға электр және жылу энергиясын өндіру, сондай-ақ оларды тасымалдау және өткізу қызметтерін атқарды, бұл 2012 жылғы сәйкес көрсеткіштерден 26%-ға жоғары.

Бұл ұлғайтуға төменде аталған себептердің арқасында қол жеткізілді:

- электр энергиясын шығару көлемінің өсуі;
- Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған Шекті тарифтер бағдарламасына сай тарифтердің жоғарылауы.

### 2011–2013 жылдардағы қаржы-шаруашылық көрсеткіштер, млн теңге

| Көрсеткіштер  | 2011 ж.  | 2012 ж.  | 2013 ж.  |
|---|----------|----------|----------|
| Электр және жылу энергиясын сатудан және беруден түскен кірістер                        | 15 881   | 16 585   | 20 962   |
| Өткізілген электр және жылу энергиясының өзіндік құны                                   | (10 099) | (11 192) | (13 671) |
| Жалпы пайда   | 5 782    | 5 393    | 7 291    |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар   | (1 716)  | (1 712)  | (1 996)  |
| Өткізуге жұмсалған шығыстар   | (189)    | (203)    | (248)    |
| Басқа да операциялық кірістер   | 346      | 605      | 410      |
| Операциялық қызметтен түскен пайда  | 4 223    | 4 083    | 5 457    |
| Қаржылық кірістер   | 390      | 199      | 210      |
| Аударым жасалғанға дейінгі амортизация, пайыздар және КТС (ЕБИТДА) бойынша түскен пайда | 5 652    | 5 822    | 7 648    |
| Қаржылық шығыстар және басқа да шығыстар  | (1 800)  | (1 709)  | (1 855)  |
| Табыс салығына жұмсалған шығыстар   | (713)    | (734)    | (1 022)  |
| Бір жылғы таза пайда  | 2 100    | 1 839    | 2 790    |

Анықтама: 2011 жылдағы амортизация – 1 523 млн теңге, 2012 жылы – 1 845 млн теңге, 2013 жылы – 2 297 млн теңге. Компанияның 2013 жылдағы таза пайдасы 2,79 млрд теңгені құрап, 2012 жылмен салыстырғанда өсім 51,7%-ды құрады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қаржылық есептілігі шоғырландырылған негізбен жасалады, оған Компанияның еншілес қоғамдары қызметінің нәтижелері кіреді.

### Сегменттер бойынша ақпарат

#### 2013 ж. сегменттер бойынша қаржы-шаруашылық көрсеткіштері, млн теңге

| Көрсеткіштер                                      | Электр және жылу энергиясын өндіру | Электр энергиясын беру және тарату | Жылу энергиясын беру және тарату | Электр және жылу энергиясын өткізу | Басқа-сы | Нәти-жесі |
|---|------------------------------------|------------------------------------|----------------------------------|------------------------------------|----------|-----------|
| Кірістер, барлығы                                 | 16 794                             | 3 814                              | 1 719                            | 11 776                             | 143      | 34 246    |
| Сегментішілік кірістер                            | (1 842)                            | (93)                               | –                                | (11 218)                           | (131)    | (13 284)  |
| Сыртқы сатып алушыларға өткізуден түскен кірістер | 14 952                             | 3 721                              | 1 719                            | 558                                | 12       | 20 962    |
| Өзіндік құны                                      | (9 224)                            | (2 767)                            | (1 592)                          | (76)                               | (12)     | (13 671)  |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар                     | (858)                              | (563)                              | (497)                            | (78)                               | –        | (1 996)   |
| Сату бойынша шығыстар                             | (17)                               | –                                  | –                                | (231)                              | –        | (248)     |
| Қаржылық кірістер                                 | 210                                | –                                  | –                                | –                                  | –        | 210       |
| Қаржылық шығыстар                                 | (1 536)                            | –                                  | (2)                              | –                                  | –        | (1 538)   |
| Басқа да кірістер                                 | (26)                               | 77                                 | 13                               | 29                                 | –        | 93        |
| Табыс салығы бойынша шығындар                     | (833)                              | (122)                              | (26)                             | (41)                               | –        | (1 022)   |
| Бір жылғы пайда                                   | 2 668                              | 346                                | (385)                            | 161                                | –        | 2 790     |
| Негізгі қаражат бойынша күрделі шығындар          | 8 164                              | 935                                | 663                              | 93                                 | –        | 9 855     |
| Негізгі қаражаттың тозуы                          | 1 648                              | 411                                | 230                              | 8                                  | –        | 2 297     |
| ЕБИТДА  | 6 685                              | 879                                | (126)                            | 210                                | –        | 7 648     |

### Активтер мен міндеттемелер

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жиынтық активтері 61 845 млн теңгені құрады, бұл 2012 жылдың сәйкес көрсеткішінен 16,4%-ға жоғары.

### Бухгалтерлік жинақ баланс, млн теңге

| Көрсеткіштер                          | 2011 ж.       | 2012 ж.       | 2013 ж.       |
|---------------------------------------|---------------|---------------|---------------|
| Негізгі қаражат                       | 37 796        | 44 012        | 51 769        |
| Гудвил және материалдық емес активтер | 5             | 12            | 17            |
| Басқа да ұзақ мерзімді активтер       | 2 035         | 1 223         | 2 850         |
| Қысқа мерзімді активтер               | 6 099         | 7 377         | 6 550         |
| Ақшалай қаражат                       | 78            | 499           | 659           |
| <b>Активтердің жиынтығы</b>           | <b>46 013</b> | <b>53 123</b> | <b>61 845</b> |

**Бухгалтерлік жинақ баланс, млн теңге**

| Көрсеткіштер                                 | 2011 ж.       | 2012 ж.       | 2013 ж.       |
|--|---------------|---------------|---------------|
| Меншікті капитал                             | 25 621        | 27 728        | 29 713        |
| Ұзақ мерзімді қарыздар                       | 4 219         | 3 909         | 8 577         |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер         | 9 693         | 13 700        | 14 125        |
| Қысқа мерзімді қарыздар                      | 4 493         | 4 730         | 5 802         |
| Қысқа мерзімді міндеттемелер                 | 1 987         | 3 056         | 3 628         |
| <b>Капитал мен міндеттемелердің жиынтығы</b> | <b>46 013</b> | <b>53 123</b> | <b>61 845</b> |

Негізгі қаражаттың құны 51 769 млн теңгені немесе активтер құнының 84%-ын құрады. 2013 жылы негізгі қаражат құнының 2012 жылмен салыстырғанда 7 757 млн теңгеге немесе 17,6%-ға артуына кәсіпорындардың инвестициялық бағдарламаларының аясында жаңа нысандардың енгізілуі, өндірістік жабдықтардың қайта құрылуы және жетілдірілуі себеп болды.

Қаржылық міндеттемелер көлемінде пассивтер бөлігінде елеулі өзгерістер орын алды. Ұзақ мерзімді міндеттемелердің құрылымындағы Еуропалық қайта құру және даму банкі қарыздарының үлесі ұлғайды. Ағымдағы несиелік портфельдің диверсификация дәрежесі жоғары. Есептік жылдың соңындағы жалпы қаржылық қарыз 14 379 млн теңгені құраса, қаржылық левиридж 0,70 көлемінде болды.

**Ақшалай қаражат**

**Ақшалай қаражаттың қозғалысы, млн теңге**

| Көрсеткіштер  | 2011 ж.  | 2012 ж.  | 2013 ж.  |
|---|----------|----------|----------|
| Инвестициялық қызметтен түскен таза ақшалай қаражат   | 9 388    | 9 726    | 13 487   |
| Қаржылық қызметтен түскен таза ақшалай қаражат  | (22 109) | (13 423) | (22 646) |
| Операциялық қызметтен түскен таза ақшалай қаражат   | 9 163    | 3 340    | 10 498   |
| Жылдың басындағы ақшалай қаражат  | 5 020    | 1 345    | 987      |
| Ақшалай қаражаттың таза ұлғаюы/азаяуы (ақшалай қаражатқа деген айырбас бағамдарының әсері ескерілгенде) | (3 675)  | (357)    | 1 355    |
| Жыл соңындағы ақшалай қаражат   | 1 345    | 987      | 2 342    |

**Операциялық қызметтен түскен таза ақшалай қаражат**

2013 жылы операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза ағымы 13 487 млн теңгені құрады. Операциялық қызметтен түскен қаражат ағымының оң динамикасы Компанияның негізгі қызметінен түсетін пайданың тұрақтылығын және ақша ағымдарының үздіксіздігін көрсетеді. Операциялық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың тұрақтылығы борышқа қызмет көрсетуге қажетті ішкі ресурстарды береді және сыртқы қаржыландыру көздеріне қолжетімділік алу ықтималдығын жоғарылатады.

**Инвестициялық қызметтен түскен таза ақшалай қаражат**

2013 жылы Компания инвестициялық қызметтің мақсаттарына 22 646 млн теңге мөлшеріндегі ақшалай қаражатты пайдаланды, бұл ақшалай қаражат кәсіпорындардың бекітілген инвестициялық бағдарламаларын қаржыландыруға бағытталды.

**Қаржылық қызметтен түскен таза ақшалай қаражат**

2013 жыл ішінде Компания ЕҚДБ қаражатынан 2 250 млн теңге және 20 млн. АҚШ доллары мөлшерінде қаржыландыру алды. Компания барабар мөлшерлерді қолдау, несиелері мен банк қарыздарын тарту, ақшаның болжалданатын және іс жүзіндегі қозғалысына мониторинг жүргізу арқылы ақша ағымдарын және қаржылық левиридж деңгейін басқарады.

**2013 жылдың нақты және жоспарлы көрсеткіштері**

2013 жылдың қорытындылары бойынша нақты өндірістік көрсеткіштердің жоспарланған көрсеткіштерден аз ғана мөлшерде ауытқушылықтары байқалды.

Электр энергиясының нормативтік шығындарын төмендету деңгейінің 15%-ға жоспардан ауытқуы байқалды. Электр энергиясының шығындарын төмендетуге төменде аталғандар әсер етті:

- Шеткері ұйымдарға электр энергиясын беру көлемдері қысқаруының есебінен электр энергиясын беру көлемдерін ішінара орындамау;
- 2013 жылға арналып әзірленген жоспарға сай ұйымдастыру-техникалық жөніндегі жіргізілетін іс-шаралар;
- Шағын станциялардың өздерінің қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында есепке алу құралдарын орнатуы;
- 110–220кВ-тық желілерде жүргізілген қайта қосу жұмыстары;
- Күш трансформаторларының резервке шығарылуы.


Жылу энергиясы шығындарының 8% өсіміне магистральдік және бөлістіру желілеріндегі 453 технологиялық бұзушылық оқиғасы әсерін тигізді.

**Қызметтің өндірістік көрсеткіштері**

| Атауы   | 2013 ж. нақты | 2013 ж. Жосп. | Ауытқ., % | 2012 ж. нақты |
|---|---------------|---------------|-----------|---------------|
| Электр энергиясын өндіру, млн кВт-сағ.            | 2 603         | 2 605         | 0%        | 2 410         |
| Шиналардан электр энергиясын босату, млн кВт-сағ. | 2 269         | 2 241         | +1%       | 2 070         |
| Жылу энергиясын өндіру, мың Гкал                  | 1 791         | 1 827         | -2%       | 1 918         |
| Электр энергиясын тасымалдау, млн кВт-сағ.        | 1 173         | 1 236         | -5%       | 1 182         |
| Жылу энергиясын тасымалдау, мың Гкал              | 1 257         | 1 325         | -5%       | 1 299         |
| Электр энергиясын тауарлы босату, млн кВт-сағ.    | 2 080         | 2 025         | 3%        | 1 860         |
| Жылу энергиясын тауарлы босату, мың Гкал          | 1 250         | 1 316         | -5%       | 1 295         |
| Белгіленген электр қуаты, МВт                     | 434           | 359,5         | +21%      | 347           |
| Белгіленген жылу қуаты, Гкал-сағ.                 | 793           | 802,0         | -1%       | 778           |
| Электр энергиясының шығындары, %                  | 11,2%         | 13,1%         | -15%      | 13,2%         |
| Жылу энергиясының шығындары, %                    | 28,6%         | 26,4%         | 8%        | 31,0%         |





# Корпоративтік басқару



## Басқару органдары

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Жарғысына сәйкес, келесілер акционерлік қоғамның қызметін реттейтін органдар болып табылады:

- жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- басқару органы – Директорлар кеңесі;
- атқарушы орган – Қоғам Басқармасы.



## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ САҚТАЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниясында корпоративтік басқару жүйесі қолданылады, бұл қызметтің ашықтығын және басқару жөніндегі шешімдердің нәтижелілігін қамтамасыз етеді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның қызметі Корпоративтік басқару кодексінің және Іскерлік этика кодексінің негізінде регламенттеледі, олар Компанияны дамытуға және акционердің, тұтынушылардың және инвесторлардың, сондай-ақ жалпы қоғамның Компанияға деген сенімін нығайтуға арналған.

Компаниядағы корпоративтік басқару келесі принциптерге негізделеді:

- **Есеп беруге міндеттілік** — Компанияның Директорлар кеңесінің акционерге, атқарушы органдардың Компанияның Директорлар кеңесіне, қызметкерлердің атқарушылық басшылыққа (компанияның Басқармасына) есеп беруге міндеттілігі. Бұл принцип Компанияның басқару органдарының есеп беруге міндеттілігін және олардың өкілеттіктерінің шектелуін, сондай-ақ Компанияның акционерге толықтай есеп беруге міндеттілігін қамтамасыз етеді, соңғысы компанияның акционерлеріне Компанияның ағымдағы қаржылық жағдайына, қол жеткізілген экономикалық көрсеткіштерге, қызметтің нәтижелеріне, Компанияны басқару құрылымына қатысты шынайы ақпаратты уақтылы және толықтай беру арқылы жүзеге асырылады, бұл Компанияның акционеріне және инвесторларына негізделген шешімдерді қабылдау мүмкіндігін береді.
- **Жауапкершілік** — Компанияның өзінің акционерінің, қызметкерлерінің, клиенттерінің және серіктестерінің алдындағы жауапкершілігі, Компанияның активтерін ұлғайту, оның тұрақтылығы мен сенімділігін арттыру мақсатында олармен тығыз ынтымақтастықты жүзеге асыру. Бұл принцип Компанияның акционері мен қызметкерлеріне арналған этикалық нормаларды айқындайды, сондай-ақ, олар заңнамада көзделген заңға қайшы, қылмыстық (қасақана немесе абайсызда) іс-әрекеттерді немесе әрекетсіздікті жасаған кезде Компанияның лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін көздейді.
- **Ашықтық** — Компанияның жұмыс істеуіне қатысты барлық елеулі деректер туралы, соның ішінде оның қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері, меншік және басқару құрылымы туралы шынайы ақпаратты уақтылы жария ету, сондай-ақ заңнамада және Компанияның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен мүдделі тұлғалардың ақпаратқа еркін қолжетімділік алуын қамтамасыз ету. Бұл принцип Компанияның лауазымды тұлғалары қызметінің барынша жоғары ашықтығын қамтамасыз етеді.
- **Нәтижелілік** — Компанияның Басқармасы Компанияның ағымдағы қызметіне нәтижелі басшылықты қисынды негізбен және адал түрде жүзеге асыруға, соның ішінде нәтижелі кадрлық саясатты белгілеуге, Компания қызметкерлерінің біліктілігін, ынталандыру және әлеуметтік қорғалу деңгейін, Компания қызметкерлерінің мүдделерін қорғау деңгейін арттыруға міндетті.
- **Бақылау** — Компания акционерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылау, Компанияның Директорлар кеңесі бекіткен саясаттарға және рәсімдерге сәйкес жоғары тұрған басшылардың төменде тұрған басшыларды қадағалауы, сондай-ақ, ішкі және сыртқы аудиторлардың жұмысын тиімді түрде пайдалану, оған қоса ішкі бақылаудың тәуекелге бағдарланған нәтижелі жүйесін белгілеу.
- **Қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік** — Компания өзінің қызметін жүзеге асыру барысында қоршаған ортаға ұқыпты және оңтайлы қарауды қамтамасыз етеді және қоғамның алдында әлеуметтік жауапкершілік атқарады.

Компания корпоративтік басқару стандарттарын жетілдіре отырып, тұрақтылықты қамтамасыз етуге ұмтылады. Нақты үйлестірілген бизнес-үрдістер жоғары нәтижелілікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бизнес-үрдістерді жетілдіру және қабылданатын шешімдердің нәтижелілігін арттыру мақсатында Компанияда ішкі бақылау механизмдері ойластырылған.

Жалпы жиналыс акционердің Компанияның Жарғысында көзделген өзінің құқықтарын іске асыруының негізгі тәсілі болып табылады. Жыл сайын міндетті түрде акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы өткізіледі.

## АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ 2013 ЖЫЛҒЫ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2013 жылы Компанияның корпоративтік басқару тәжірибесі толықтай Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес болды.

2013 жылы 1 (бір) жылдық және 4 (төрт) кезектен тыс акционерлердің жалпы жиналысы өткізілді. Акционерлердің жалпы жиналысы қарастырған негізгі мәселелер төменде аталғандай:

- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның 2012 қаржылық жылғы қаржылық есептілігін бекіту;
- 2012 қаржылық жылдағы қоғамның таза кірісін бөлістіру тәртібі туралы шешім қабылдау.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі (ДК) Компанияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, бұл кезде бұл қызметке осы Жарғының және «Акционерлік қоғамдар туралы» заңның негізінде акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу жатпайды, сондай-ақ Директорлар кеңесі Компанияның атқарушы органын қалыптастырады және қадағалайды. Сонымен қатар, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі «Севказэнергосбыт» ЖШС, «Петропавл жылу желілері» ЖШС сияқты заңды тұлғалар акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері жөніндегі шешімдерді қабылдайды, бұл заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерінің 100%-ы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-на тиесілі. «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ-ның («СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның еншілес кәсіпорны) Директорлар кеңесі де электр желілік компанияны басқару функцияларын атқарады.

### 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша акционерлік қоғамдар Директорлар кеңесінің құрамы

| Директорлар кеңесінің мүшелері    | Лауазымы  | Сайланған күні/<br>өкілеттігі аяқталатын күн |
|-----------------------------------|---|--|
| Амирханов Еркын Адамиянович       | Директорлар кеңесінің төрағасы                  | 22.02.2013–21.02.2015                        |
| Артambaева Гульнара Джумагалиевна | Директорлар кеңесінің мүшесі                    | 22.02.2013–21.02.2015                        |
| Табанов Эльдар Рашитович          | Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор | 22.02.2013–21.02.2015                        |

## Директорлар кеңесінің мүшелері туралы ақпарат



**Амирханов Ерқын Адамиянович** (1967 ж.т.)

Директорлар кеңесінің төрағасы

«ОАОЭК» АҚ Президенті, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ДК төрағасы болып табылады

- 01.07.2001** «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ДК Төрағасы
- 30.06.2004** «Қазақстан Эксимбанкi» АҚ ДК мүшесі
- 20.08.2007** «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі
- 16.03.2009** «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі
- 28.05.2009** «Каустик» АҚ ДК Төрағасы
- 22.04.2011** «ОАОЭК» АҚ Президенті
- 25.10.2011** «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ДК Төрағасы
- 25.02.2013** «АЭТК» АҚ ДК Төрағасы




**Артамбаева Гульнара Джумагалиевна** (1969 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі

«ОАОЭК» АҚ Президенті, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі болып табылады

- 16.06.2000** «ОАОЭК» АҚ Президенті
- 27.06.2002** «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі
- 27.06.2002** «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі
- 07.10.2002** «Павлодар электр желілік тарату компаниясы» АҚ ДК мүшесі
- 31.03.2004** «Қазақстан Эксимбанкi» АҚ ДК мүшесі
- 27.04.2007** «АИФРИ "ОАОЭК Инвест" АҚ ДК Төрағасы
- 16.03.2009** «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі
- 07.07.2011** «АСТАНА» ЖЗҚ» АҚ ДК Төрағасы



**Табанов Эльдар Рашитович** (1968 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және «СҚ ЭТК» АҚ тәуелсіз директоры

Қоғамның аффилирленген тұлғасы болып табылмайды

- 01.10.2009–31.12.2011** «Цесна Банк» АҚ Басқарма Төрағасы Аппаратының басшысы;
- 01.01.2012–31.12.2012** Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің Кеңесшісі;
- 2012 ж. мамыр** «Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы» АҚ-ның Вице-президенті
- 03.01.2013** «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры
- 22.02.2013–25.10.2013** «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры
- 01.01.2014** «СҚ ЭТК» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры

## Сыйақылар

Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақының мөлшері қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы шешімінің негізінде айқындалады. 2013 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесіне төленген сыйақылардың жалпы сомасы 14 788 мың теңгені құрады.

## Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттер

### 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттер

| Комитет атауы  | Директорлар кеңесі Комитеттерінің мүшелері  |
|--|---|
| Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті          | Табанов Эльдар Рашитович (Комитет Төрағасы) |
|  | Амирханов Ерқын Адамиянович                 |
| Директорлар кеңесінің аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеті | Перфилов Олег Владимирович                  |
|  | Табанов Эльдар Рашитович (Комитет Төрағасы) |
|  | Артамбаева Гульнара Джумагалиевна           |
|  | Перфилов Олег Владимирович                  |
| Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет           | Рахимберлинова Жанар Жандарбековна          |
|  | Станбаева Айжан Ормановна                   |
|  | Табанов Эльдар Рашитович (Комитет Төрағасы) |
| Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет           | Амирханов Ерқын Адамиянович                 |
|  | Перфилов Олег Владимирович                  |
|  | Константинова Наталья Валерьевна            |

#### Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті

Комитеттің құзыретіне қоғам қызметінің басым бағыттарын, оның даму стратегияларын айқындауға және іске асыруға; корпоративтік басқару нәтижелілігіне, инвестициялық жобаларды іске асыруға және стратегияның орындалуын қадағалауға байланысты мәселелер жатады.

#### Директорлар кеңесінің аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеті

Комитеттің құзыретіне тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіруге және нығайтуға, Директорлар кеңесі мен Басқармаға берілетін ұсыныстарды әзірлеуге қатысты мәселелер жатады.

#### Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Комитеттің құзыретіне атқарушы орган, ішкі аудит басқармасы, тәуекел менеджменті басқармасы, Компанияның басқа да органдары мен қосалқы бөлімшелері мүшелерінің лауазымдарына, корпоративтік хатшының лауазымына үміткерлерді сайлау/тағайындау, сыйақыларды тағайындау және төлеу, кадрлық саясат және оны іске асыру, Компанияның қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету саясаты және әлеуметтік мәселелерді шешу мәселелері жатады.

Комитеттердің мәртебесі, негізгі мақсаттары, міндеттері, өкілеттіктері, сондай-ақ қызметті ұйымдастыру тәртібі және жауапкершілігі 2013 жылғы 30 сәуірден бастап қолданысқа енгізілген, комитеттердің әрқайсысы үшін әзірленген ережелердің негізінде айқындалады.

### Атқарушы орган

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Басқармасы атқарушы алқалы орган болып табылады, ол Басқарма Төрағасы басқаратын сегіз мүшеден тұрады. Басқарма Компанияның ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асырады, Директорлар кеңесінің және акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін орындайды.

Атқарушы органға төленетін сыйақының мөлшері «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі шешімінің негізінде айқындалады.

Компанияның еншілес кәсіпорындарының атқарушы органдары: «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ, «Петропавл жылу желілері» ЖШС және «Севказэнергосбыт» ЖШС жеке дара органдар болып табылады, оларды кәсіпорындардың әрқайсысының бас директоры басқарады.

### 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша атқарушы орган құрамы

| Ұйым  | Басқарма мүшелері                   | Лауазымы   |
|---|-------------------------------------|--|
| «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ   | Копенов Едил<br>Кудайбергенович     | Басқарма Төрағасы  |
|   | Язовская Алла<br>Анатольевна        | Басқарма мүшесі – Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары |
|   | Тютөбаев Серик<br>Суинбекович       | Басқарма мүшесі – Басқарма Төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары              |
| «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ | Рейзлин Александр<br>Анатольевич    | Президент  |
| «Петропавл жылу желілері» ЖШС                             | Кенесбаев Куандык<br>Кунанбаевич    | Директор   |
| «Севказэнергосбыт» ЖШС                                    | Сагандыков Мағауия<br>Карипуланович | Директор   |

## КОМПАНИЯНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТЫ



«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ақпараттық саясаты түрлі мүдделі тараптардың Компанияның қызметін барынша толық түсінуіне және оның іскерлік беделінің деңгейін қолдап отыруға бағытталған.

Нысаналы аудиторияны және басқа да мүдделі тұлғаларды Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне әсерін тигізуге қабілетті іс-әрекеттерді жасау жөніндегі шешімді қабылдауға қажетті көлемде хабарландыру арқылы ашықтық деңгейін және Компанияға қатысты сенімді арттыру «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ туралы ақпаратты жария ету (беру) мақсаты болып табылады.

Келесі аталғандар Компанияның нысаналы аудиторияларына жатады: акционер, инвесторлар, клиенттер, бизнес-серіктестер, Компанияның қызметкерлері, қоғам, мемлекеттік органдар. Компанияның басшылығы өзінің жоғары әлеуметтік жауапкершілігін түсінеді және нысаналы аудиториялармен үнемі ашық диалог жүргізуді қолдап отырады, корпоративтік беделін нығайтады, жалпы Компанияның ақпараттық әлеуетін дамытады.

Төменде аталғандар Компанияның ақпараттық саясатының принциптері болып табылады:

- ақпараттың акционерге, инвесторларға және басқа да мүдделі тұлғаларға тең дәрежеде қолжетімділігі;
- ақпарат берудің мерзімділігі және уақыттылығы;
- ақпараттың шынайылығы және толықтығы;
- ашылатын ақпараттың жеделдігі және қолжетімділігі;
- мемлекеттік, қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа қатысты құпиялылықты сақтау;
- инсайдерлік ақпараттың пайдаланылуын қадағалау.

## ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

Дивидендтерді есептеп жазуға, оларды жариялау тәртібіне, мөлшеріне, төлеу нысанына және мерзімдеріне қатысты Компанияның саясаты Компанияның Жарғысында айқындалған.

Төменде аталғандар Компанияның дивидендтік саясатының негізгі принциптері болып табылады:

- Дивидендтік төлемдердің мөлшерлерін айқындаған кезде Компания және оның акционері мүдделерінің теңгерімі;
- Қабылданған инвестициялық бағдарламаларды орындау басымдылығы әрі міндеттілігі және капиталдандыру өсімі;
- Салынған капиталдың кірістілігін қамтамасыз ету және Компанияның инвестициялық тартымдылығын арттыру.

Акционерлердің жалпы жиналысы Компанияның Директорлар кеңесінің ұсынымы бойынша жылдық дивидендтерді төлеу жөніндегі шешімді қабылдайды. 2012 жылдың қорытындылары бойынша 2013 жылы дивидендтер акционерге толықтай төленді, бір акцияға деген кірістілік 4,0244 теңгені құрады, 31.12.13 жылғы жағдай бойынша бір акцияның теңгерімдік құны 206,42 теңгені құрады.

## ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ішкі аудит басқармасы (бұдан әрі – ІАБ) 2013 жылы құрылды. Есептік жылы ішкі аудит басқармасының ішкі құжаттары әзірленді.

ІАБ-ның қызметі Компанияның Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және есеп беруге тиісті. ІАБ-ның қызметіне «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің жанындағы Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет басшылық етеді.

Ішкі аудит басқармасы туралы ережелерге сәйкес ІАБ:

- Директорлар кеңесі бекіткен жұмыстар жоспарына сәйкес жұмысты жүзеге асырады;
- Директорлар кеңесіне және Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитетке ІАБ қызметі туралы тоқсан сайынғы және жылдық есептерді береді.

2013 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ мен оның еншілес ұйымдарына аудитті «ОАЭК» АҚ-ның Ішкі аудит департаменті жүзеге асырды. Келесі бағыттар бойынша 10 аудиторлық тексерулер жүргізілді:

- Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігін тексеру мақсатында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ шоғырландырылған қаржылық есептілігін тестілеу.
- Бизнес-үрдістерді іштен бақылау жүйесінің нәтижелілігін бағалау:
  - қаржылық есептілікті дайындау және шоғырландыру;
  - «ОАЭК» АҚ-ның Директорлар кеңесі үшін басқару есептілігін дайындау және қалыптастыру;
  - салықтарды есепке алу;
  - кірістерді есепке алу және дебиторлармен есеп айырысу.
- Негізгі құралдарды және тауарлық-материалдық қорларды іріктеп түгендеу.
- «ОАЭК» АҚ-ның және «Делойт» ЖШС-нің Ішкі аудит департаментінің ұсынымдарын орындауға бағытталған түзетуші іс-әрекеттерге мониторинг жүргізу.
- Кеңес беру жұмысы.



## Тәуекелдерді басқару

### ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖҮЙЕ СИПАТТАМАСЫ

Компанияда тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі және ішкі бақылау жүйесі қолданылады.

Тәуекелдерді басқару жүйесін (ТБЖ) және ішкі бақылау жүйесін (ІБЖ) жетілдірген кезде Компания Трэдуэй комиссиясының Демеушілік ұйымдар комитеті және Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ISO) әзірлеген тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесі саласындағы халықаралық стандарттарды басшылыққа алады.

Тәуекел менеджменті басқармасы Компанияның Директорлар кеңесінің жанындағы Аудит және тәуекелдерді басқару комитетіне есеп беруге тиісті. Басқарманың жұмысы Директорлар кеңесі бекіткен, бір жылға арналған жұмыстар жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

2013 жылы тәуекел менеджменті басқармасы келесі негізгі жұмыстарды жүргізді:

- Келесі бизнес-үрдістердегі ІБЖ-ін талдау және ұйымдастырылу нәтижелілігін тестілеу:
  - жоспарлау және бюджеттеу;
  - инвестициялық қызметті басқару;
  - еңбекті және қоршаған ортаны қорғау;
  - ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік;
  - корпоративтік басқарудың негізгі принциптерін қалыптастыру және ендіру.
- Компанияның тәуекелдер тізімін және тәуекелдер картасын актуалдандыру.
- ІБЖ-нің ұйымдастырылуын жетілдіруге және тәуекелдерді басқаруға бағытталған іс-шаралардың орындалуына мониторинг жүргізу.
- Компанияның негізгі қызметкерлеріне тәуекелдерді басқару саласындағы білімді оқыту.
- Компанияның генерациялайтын нысандарының мүлкілік тәуекелдерін сақтандырумен, мүлкілік тәуекелдерді халықаралық қайта сақтандыру ұйымдарына қайта сақтандыруға берумен айналысатын сақтандыру брокерімен жұмыс істеу.
- Компаниядағы ТБЖ-ін жетілдіру мақсатында Тәуекелдердің негізгі индикаторларын (KRI) әзірлеу жөніндегі әдістемені дайындау.

## ҚЫЗМЕТКЕ ЕЛЕУЛІ ӘСЕРІН ТИГІЗЕТІН ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ

2013 жылы жүргізілген корпоративтік Тәуекелдер тізілімін және Компанияның Тәуекелдер картасын актуалдандырудың қорытындылары бойынша Компанияның бекітілген Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес шартты түрде операциялық, қаржылық және құқықтық деп бөлінетін ықтимал тәуекелдер анықталды.

### Операциялық тәуекелдер

2013 жылы Тізілімге және Тәуекелдер картасына сәйкес қабылданған жіктелімге және төтеншелік деңгейіне сәйкес Компанияның операциялық тәуекелдерін басқару қызметтің келесі бағыттары бойынша жүзеге асырылды:

- Еңбекті қорғау және қауіпсіздік;
- Технологиялық тәуекелдер;
- Қызметкерлерді басқару.

Еңбекті қорғау және өндірістегі қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді қадағалау мақсатында, сондай-ақ жарақаттану деңгейін төмендету көрсеткіштерін арттыру мақсатында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның кәсіпорындарында OHSAS 18001–2008 стандарты енгізілді және сәйкестік сертификаттары берілді, оларды мерзімді түрде тәуелсіз сертификаттайтын органдар растап отырады.

Жабдықтардың сенімділік деңгейіне үнемі мониторинг жүргізу, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, инвестициялық бағдарламаның аясында жабдықтарды жетілдіру жұмыстарын жүргізу, қазіргі заманғы диагностика құралдарын сатып алу арқылы өндірістегі технологиялық тәуекелдерді барынша азайтуға қол жеткізіледі.

Кадрлық тәуекелдерді төмендету мақсатында Қызметкерлермен жұмыс істеу басқармасы бұйрық шығарып, Қызметкерлерді басқару саясатын енгізді, онда Компанияның қызметкерлерін басқару жүйесін дамытудағы басым бағыттар айқындалды; еңбек ақысын дифференциацияланған түрде көбейту жүргізілді, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылуда, профильдік оқу орындарымен ынтымақтастықты орнатуға бағытталған жұмыстар жүргізілуде және т.с.с.

### Қаржылық тәуекелдер

#### Өтімділік тәуекелі

Компанияның өтімділік тәуекеліне (соның ішінде қаржылық міндеттемелерді өтеу мерзімдерінің келуіне қарай осындай міндеттемелерді орындамау сияқты) шалдыққышығы байқалады. Компания резервтерді, банктік қарыздарды, расталған несие желілерін және айналымдық капитал қорларын қолдау арқылы, қаржылық жағдайға қатысты жоспарланып отырған перспективаларды, ақшалай қаражаттың болжалданатын және іс жүзіндегі қозғалысына, күрделі шығыстар жөніндегі болашақ міндеттемелерді ескере отырып Компанияның таза берешегіне үнемі мониторинг жүргізудің есебінен өтімділік тәуекелін басқарады.

#### Сатып алынатын жабдық, шикізат және материалдар бағаларының өсу тәуекелі

Компания сатып алынатын көмір бағасының жоғарылауы тәуекеліне ұшырауы мүмкін, себебі ЖЭО-ның жабдықтары бір көзден сатып алынатын көмірдің белгілі бір түріне арнап жобаланған. Алайда Компанияның осы тәуекелге және оның операциялық пайдаға тигізетін әсерінің дәрежесіне мониторинг жүргізу мүмкіндіктері мемлекеттің көмірдің бағаларын реттеу деңгейінің және төтенше реттеуші шаралар механизмі арқылы тарифтің жоғарылауын өтеудің арқасында қамтамасыз етілген.

#### Нарықтық тәуекелдер

Компания валюталық тәуекелге және пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекеліне шалдығу мүмкіндігін жоққа шығармайды. Компанияның АҚШ долларларында деноминацияланған елеулі міндеттемелері бар. АҚШ доллары бағамының өзгеруі тәуекелін басқару үшін Компания валютаның айырбас бағамының өзгеруіне мониторинг жүргізіп отырады. 2013 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-дағы валюталық тәуекелді хеджирлеуге бағытталған операциялар жүргізілген жоқ, себебі Қазақстанның қаржылық құралдар нарығында туынды қаржы құралдары болған жоқ. Осыған байланысты Компания АҚШ долларларында деноминацияланған депозиттерге еркін қаражатты орналастыру арқылы табиғи түрде хеджирлеу әдісін пайдаланады және ұзақ мерзімді инвестициялық бағдарламалардың нәтижелілігіне мониторинг жүргізіп отырады.

Компания пайыздық мөлшерлемелердің волатильдігіне сезімтал келеді, себебі оның пайыздық мөлшерлемелері құбылмалы болатын тартылған қарыз қаражаты бар. ЕҚДБ-нің қарыздары бойынша пайыздық мөлшерлеме LIBOR және KazPrime депозиттері мен банкаралық несиелер бойынша белгіленетін мөлшерлемелерге негізделеді. Несиелік ресурстардың ұзақ мерзімділігі Компанияға салымдардың инвестициялық сипатының есебінен тәуекелдердің осы тобын табиғи түрде хеджирлеуге мүмкіндік береді.

#### Несиелік тәуекел

Компанияның қарсы агенттерінің шарт талаптарын орындамауының нәтижесінде туындайтын несиелік тәуекел әдетте қарсы агенттер міндеттемелерінің мөлшері осы қарсы агенттердің алдындағы Компанияның міндеттемелерінен асатын сомалармен шектеледі.

Бір тұтынушы немесе қызмет жағдайлары ұқсас тұтынушылар тобы берешегінің бірнеше сомасы болған кезде несиелік тәуекел жинақталуы мүмкін.

Компанияның тұтынушылары негізінен тұрғындардан тұрады. Осыған қарамастан тәуекел басқарылатын жағдайларда Компания дебиторлық берешекті талап етуге бағытталған іс-шараларды жүргізеді.

### Құқықтық тәуекелдер

Табиғат қорғау (экологиялық) заңнаманың талаптарын бұзу елеулі тәуекел болып табылады, Компанияның басшылығы оны құқықтық тәуекелдер санатына жатқызады.

Осы тәуекелді барынша азайту үшін Компания 2012–2014 жылдарға арналған Экологиялық және әлеуметтік іс-әрекеттер жөніндегі әзірленген бағдарламаның (ESAP) негізінде қызметтің қоршаған ортаға тигізетін әсерін айқындау мақсатында мониторинг жүргізеді. Өндірістік экологиялық мониторинг бағдарламасының аясында шығарылатын қалдықтардың көздерін, эмиссиялардың мөлшерін және сапасын, сондай-ақ олардың динамикасын қадағалау жүзеге асырылады. Сәйкесінше экологиялық параметрлерді арттыру және осы тәуекелдер тобын төмендету инвестициялық бағдарламада көзделген іс-шаралардың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.





## Кадрлық және әлеуметтік саясат

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ

Компанияның даму стратегиясына сәйкес, кәсіби деңгейі жоғары кадрлық құрамды қалыптастыру «СЕВКАЗЭНЕРГО» тобы кәсіпорындарының кадрлық саясатының негізгі мақсаты болып табылады.

Төменде аталғандар кадрлық әлеуетті сақтау, толықтыру және дамыту мәселелерін шешуге арналған саясаттың негізгі бағыттары болып табылады:

- Компания үшін ұстап қалу ерекше маңызды болатын негізгі қызметкерлерді айқындау;
- жоғары, орта және қосымша кәсіби білім беретін оқу орындарымен ынтымақтастықты жүзеге асыру, бұл кезде профильдік энергетикалық оқу орындары мен кафедраларға маңыз беріледі;

- қызмет етуші оқу орталықтарының мүмкіндіктерін кеңінен пайдалана отырып қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және оқыту жүйесін дамыту және икемді оқыту технологияларын ендіру;
- ынталандыру жүйесін жетілдіру, әлеуметтік серіктестік жүйесін дамыту;
- кадрлық резервпен жұмыс істеуді нығайту.


### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ МЕН ОЛАРДЫҢ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

31.12.2013 жылғы жағдай бойынша Компания қызметкерлерінің тізімдік саны 2 544 адамды құрады. 2012 жылмен салыстырғанда тізімдік санның 3,8%-ға көбеюіне төменде аталғандар себеп болып отыр:


- энергияны өндіру және өткізу көлемінің өсуі;
- қызметкерлердің тұрақтамауы деңгейін төмендету;
- қызметкерлерді бос орындарға қабылдау.

2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда тізімдік санның 0,8%-ға төмендеуі қызметкерлердің тұрақтамауы деңгейінің ұлғаюына байланысты болды.

2011–2013 жылдары Компаниядағы адам санының өзгеру динамикасы (адам)



Қызметкерлердің санаты бойынша құрылымы




«Басшылар» саласындағы қызметкерлердің жалпы қызметкерлер санындағы үлесі 13,6%-ды құрады, бұл теңдестірілген көрсеткіштер бойынша оңтайлы көрсеткіш болып табылады.

### Қызметкерлердің санаттар мен жыныс бойынша құрылымы

| Қызметкерлердің санаты | Барлығы, адам саны | Ерлер   |       | Әйелдер |       |
|------------------------|--------------------|---------|-------|---------|-------|
|                        |                    | адамдар | үлесі | адамдар | үлесі |
| Адам саны              | 2 544              | 1 625   | 63,9% | 919     | 36,1% |
| Басшылар               | 346                | 261     | 16,0% | 85      | 9,3%  |
| Мамандар/қызметшілер   | 658                | 279     | 17,2% | 379     | 41,2% |
| Жұмысшылар             | 1 540              | 1 085   | 66,8% | 455     | 49,5% |


**Қызметкерлер құрамының санаты бойынша еншілес компаниялардағы бөлінісі**




Компанияның еншілес ұйымдарында қызметкерлерді санаттар бойынша бөлістіру айтарлықтай біркелкі болып табылады.

Жалпы компанияда жоғары білімді қызметкерлер үлесінің 2012 жылмен салыстырғанда 1,4%-ға ұлғаюы және 2011 жылмен салыстырғанда 2,7%-ға ұлғаюы байқалады.

**Жоғары білімді қызметкерлер үлесінің динамикасы (%)**



**Қызметкерлердің білімі бойынша құрылымы**




31.12.2013 жылғы жағдай бойынша компанияда энергетика саласында және профильдік оқуда сырттай оқу түрі бойынша білім алатын қызметкерлердің саны төмендегідей болды:

- жоғары білім – 52 қызметкер;
- техникалық және кәсіби білім – 48 қызметкер.

Компания қызметкерлерінің жастық құрылымына кәсіби еңбек қызметін атқаруға қажетті ең өнімді жастағы қызметкерлердің жоғары үлесі тән – 40 жасқа дейінгі қызметкерлердің үлесі қызметкерлердің жалпы санының 55,5%-ын құрайды.

**Қызметкерлердің жас шамасы бойынша құрамы**



**«СЕВКАЗЭНЕРГО» тобының кәсіпорындары бойынша қызметкерлердің орташа жасы**

|            | СКЭ  | СҚ ЭТК | ПЖЖ  | СҚЭЖ |
|------------|------|--------|------|------|
| Орташа жас | 40,5 | 38,9   | 40,8 | 38,8 |

**ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ**



Корпоративтік оқыту және дамыту жүйесі келесі бағыттарды көздейді: міндетті, нормативтік оқыту; басқару құзыреттерін дамыту; кәсіби құзыреттерді дамыту.


| Оқыту және дамыту жүйесінің көрсеткіштері   | 2011 ж. | 2012 ж. | 2013 ж. |
|---|---------|---------|---------|
| Даярлаудан, қайта даярлаудан, біліктілікті арттырудан өткен қызметкерлердің саны, соның ішінде:   | 1 328   | 814     | 1 275   |
| өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау бойынша міндетті оқытудан, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар бойынша оқытудан өткен, жұмыс істеуге рұқсат алған қызметкерлер | 859     | 665     | 1 033   |
| ISO9001, ISO14001, OHSAS1800 СМЖ бойынша оқытудан өткен қызметкерлер  | 18      | 12      | 26      |
| біліктілікті арттырудан, аттестациялаудан, қайта аттестациялаудан өткен қызметкерлер  | 451     | 137     | 216     |

**ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТҰРАҚТАМАУЫ**

Компаниядағы қызметкерлердің тұрақтамауы коэффициенті төмендеді және 2013 жылы 11,7%-ды құрады. 2013 жылы жағдайды жақсартуға бағытталған іс-шаралар бағдарламасы іске асырылды:

- Жас мамандарды тарту үшін жоғары және орта кәсіби оқу орындарымен ынтымақтастық орнатылып, профильдік мамандықтарға басым көңіл бөлінді.
- Жаңа қызметкерлерді жылдам бейімдеу үшін және тәлімгерлерді тәжірибемен бөлісуге ынталандыру үшін тәлімгерлік институтын дамыту.
- Кәсіпорындардың тұрғын үй қорын кеңейтудегі мүмкіндіктерін бағалау.

**Қызметкерлердің тұрақтамау коэффициенті (%)**



- Еңбек ақысын төлеу қорының резервтерін анықтау үшін және босатылатын қаражатты жалақыны ұлғайтуға бағыттау үшін кәсіпорындардың штаттық санын оңтайландыру.


## КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ

2013 жылы 244 басшыға арналған жоғары, орташа және бастапқы басқару буындарының кадрлық резерві қалыптастырылды. Резервшілерді кәсіби және ұйымдастыру-басқару тұрғысынан дамытудың жеке жоспарларын дайындау бағдарламасының негізінде кадрлық резервті дамыту жүзеге асырылады, бұл бағдарламаға қызметкерді оқыту, біліктілігін арттыру, машықтану, тәлімгерлік, басқару функцияларын атқару, уақытша басқа лауазымға ауыстыру кіреді. Сыртқы кадрлық резервті қалыптастыруға бағытталған жұмыс жүргізілуде.

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» тобы кәсіпорындарының қызметкерлерін материалдық тұрғыдан ынталандыру және әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктерді қамтамасыз ету еңбек өнімділігін және жалпы өндіріс нәтижелілігін арттыру мақсатында қызметкерлерді ынталандырудың маңызды құралы болып табылады. Компанияда қызметкерлерді ынталандыру жүйесін лауазымдық айлықақылар бойынша еңбек ақы, ынталандыру сипатындағы үстемеақылар және қосымша төлемдер беру, жұмыстың негізгі көрсеткіштерін орындау үшін сыйлықақы төлеу кіреді.

Бір қызметкердің орташа кірісінің өсу қарқындылығы (%)



«СЕВКАЗЭНЕРГО» тобының кәсіпорындарында еңбек ақысын төлеудің уақыттық-сыйлықақылық жүйесі қолданылады.

Компанияда еңбек ақысының мақсаттық деңгейі Солтүстік Қазақстан облысындағы экономиканың өнеркәсіптік секторы компанияларының нарығы бойынша сыйақының орташа деңгейіне сәйкес келеді.

### Қызметкерлер кірістерінің құрылымы

| Тұрақты бөлік  | Ауыспалы бөлік   |
|--|--|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>• Лауазымдық жалақы/мөлшерлеме</li> <li>• ҚР-ның қолданыстағы заңнамасында белгіленген қосымша төлемдер және үстемеақылар</li> <li>• Корпоративтік стандарттардың негізінде белгіленген қосымша төлемдер және үстемеақылар</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тұрақты сыйлықақылар</li> <li>• Бір рет төленетін сыйлықақылар</li> <li>• Ұзақ мерзімді сыйақы төлемдері</li> </ul> |

### Компаниядағы әлеуметтік қолдау, кепілдіктер мен өтемақылар

| Мақсаттар  | Әлеуметтік жиынтық   |
|--|--|
| Қызметкерлерді ұзақ мерзімді жұмысқа ынталандыру | <ul style="list-style-type: none"> <li>• 5% мөлшеріндегі қосымша кәсіби зейнетақы жарналары</li> <li>• Мерейтой күндері, зейнеткерлікке шыққан кезде төленетін сыйақы</li> <li>• Кәсіби мерекелерде және мерейтой күндері зейнеткерлерге төленетін сыйақы</li> <li>• Компанияның ардагерлерін қолдау бағдарламасы</li> </ul> |

### Компаниядағы әлеуметтік қолдау, кепілдіктер мен өтемақылар

| Мақсаттар  | Әлеуметтік жиынтық  |
|--|---|
| Тиімді өтемақы және жеңілдік жүйесі                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>• 14 жасқа дейінгі балаларды лагерьге жіберуге арналған жолдамалардың құнын өтеу</li> <li>• Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтардың шығындарын өтеу. Жатақхана бойынша берілетін жеңілдіктер</li> <li>• Кәсіби сайыстар үшін төленетін сыйлықақылар</li> <li>• Балаларға берілетін жаңа жылдық сыйлықтар</li> </ul> |
| Қызметкерлердің жұмыс істеу қабілеттілігін және денсаулығын қолдау | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Өндірістегі жазатайым жағдайлардан және аурулардан сақтандыру</li> <li>• Міндетті медициналық сақтандыру</li> <li>• Шипажай-профилактикалық емдеуге жұмсалатын шығындарды өтеу</li> </ul>  |
| Қызметкерлерді әлеуметтік тұрғыдан қолдау                          | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бала туған кезде берілетін материалдық көмек</li> <li>• Жерлеу қызметтеріне берілетін материалдық көмек</li> <li>• Ақы төленетін оқу демалысы</li> </ul>   |
| Спорттық-сауықтыру іс-шаралары                                     | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Спорттық сайыстардың қатысушыларын тамақтандыруға жұмсалатын шығындарды өтеу</li> <li>• Мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізуге және ұжымдық демалысқа жұмсалатын шығындарды өтеу</li> </ul>   |

## ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ



«СЕВКАЗЭНЕРГО» тобының кәсіпорындарында айрықша салалық тәуекелдерді және жұмыс орындарындағы қауіп-қатерлерді ескере отырып, қызметкерлердің жұмыс істеуіне қажетті қауіпсіз жағдайлар қамтамасыз етіледі.

Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджментінің жүйесін арттыру аясында кәсіпорындар OHSAS 18001 халықаралық стандартын басшылыққа алады.

Қызметті жүзеге асыру барысында кәсіпорындар кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау саясатын іске асырады, актуалдандырады, оның қызметкерлер үшін қолжетімділігін қамтамасыз етеді және осы мақсатқа ресурстар бөледі.

Қажет болған жағдайда кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы қызметті үздіксіз жетілдіру мақсатында түзету іс-шаралары қолданылады.

Төменде аталғандар кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы стратегиялық мақсаттар болып табылады:

- кәсіби қауіпсіздік деңгейін жоғарылату;
- жұмыс орындарындағы еңбек ету жағдайларын арттыру;
- профилактикалық медициналық іс-шараларды жүргізу арқылы қызметкерлерді сауықтыру.

### Еңбекті қорғаудың басты көрсеткіштері

|  | 2011 ж. | 2012 ж. | 2013 ж. |
|--|---------|---------|---------|
| Жарақаттану жағдайларының саны                             | 3       | 1       | 1       |
| Өткізілген өндірістік жиын саны                            | 100     | 118     | 226     |
| Өткізілген қауіпсіздік және еңбекті қорғау күндерінің саны | 36      | 55      | 76      |



## СПОРТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындары тобының қызметкерлері спорттың алуан түрлері бойынша «Денсаулық» атты жыл сайынғы қалалық спартакиадаға белсене қатысады, соның ішінде: қыста балық аулау, боулинг, бильярд, ойлы-қырлы жерде спорттық бағдарлау және тағы басқа. 2013 жылдың қорытындылары бойынша «СЕВКАЗЭНЕРГО» компаниясы «Денсаулық» спартакиада-сында бірінші орын алды.



Сонымен қатар топ кәсіпорындарының арасында спорттың он екі түрі бойынша жыл сайын ішкі спартакиада өткізіледі. 2013 жылы «СҚ ЭТК» АҚ-ның 50 жылдығына орай шағын футболдан ашық турнир ұйымдастырылды.

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК

«СЕВКАЗЭНЕРГО» Компаниясы жетім балаларға және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған облыстық интернат мектебіне тұрақты қолдау көрсетеді. Тәрбиеленушілер тұратын үй-жайларда жыл сайын жөндеу жүргізіледі, мектеп демалыстары кезінде балаларды боулинге, аквапаркке, кинотеатрға апару ұйымдастырылады, кеңсе керек-жарақтары, киім, жиһаз сатып алынады. Қамқорлыққа алынған балалардың туған күндерінде және мектеп түлектеріне мектеп бітірген күні сыйлықтар сатып алуға ақшалай қаражат бөлінеді.

Барлық кәсіпорындарда жыл сайын ҰОС және еңбек ардагерлеріне, сондай-ақ жұмыс істемейтін зейнеткерлерге мерейтой және мереке күндері тағам өнімдерінің жинақтары, ақшалай сыйақылар, көмірмен қамтамасыз ету түрінде материалдық қолдау көрсетіледі. Ардагерлерге үйінде қамқорлық көрсетіліп, 9 мамырға орай концерттік бағдарламалар және мерекелік түскі астар ұйымдастырылады.

## КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫМЕН ЖҰМЫС

«СЕВКАЗЭНЕРГО» тобының кәсіпорындарында кәсіподақ ұйымдары жұмыс істейді. 2014–2016 жылдарға арналған ұжымдық шарт жасалды.

2012 жылы кәсіподақ ұйымдарының құрамында болған қызметкерлердің саны – 1 880 адам, бұл қызметкерлердің жалпы санының 77%-ын құрайды, ал 2013 жылы осындай қызметкерлердің саны 1 862 адамды (73%) құрады.

Компанияның еншілес ұйымдарындағы кәсіподақ комитетімен өзара жұмыс:

- Ұжымдық шарттар жасасу;
- Ұжымдық шарт талаптарының орындалуын қадағалау;
- Келісу комиссиясында жұмыс істеу;
- Еңбекті, денсаулықты қорғау, жұмыс орындарын аттестациялау мәселелері бойынша кешенді тексерулер жүргізетін комиссиялардың жұмысына қатысу;
- Жетім балаларға және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсетуді ұйымдастыру;
- Ардагерлер кеңесімен жұмыс істеу;
- Спорттық-сауықтыру, мәдени-көпшілік іс-шараларын ұйымдастыруға қатысу, қызметкерлер балаларының жазғы демалысын қамтамасыз ету, қызметкерлердің шипажай-профилактикалық мекемелерде емделу құнының бір бөлігін өтеу;
- Қызметкерлердің еңбек және демалыс режимін қамтамасыз етуге, демалыстар графиктерінің сақталуын қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- Қызметкерлер тілектерінің негізінде өнеркәсіптік санитарияның қажетті іс-шаралары жөнінде ұсыныстар айту;
- Кәсіподақ ұйымдарына мүше болып кірген қызметкерлердің қызметіне қатысты ағымдағы мәселелер.



## Экологиялық саясат

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-да қоршаған ортаны қорғау мәселелері Компанияның Даму стратегиясында көзделген басым міндеттердің қатарында. Экология мәселелеріндегі Компанияның қызметі Халықаралық сапа және экологиялық менеджмент стандарттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Компанияның экологиялық саясаты Экологиялық және әлеуметтік іс-әрекеттер жоспарында көзделген міндеттердің негізінде Қазақстан Республикасының 2004–2015 жылдарға арналған Экологиялық қауіпсіздік концепциясына, Экологиялық кодекске және 14000 сериялы ISO стандарттарына сәйкес әзірленді.

2009 жылдан бастап Инвестициялық бағдарламаның аясында Компанияда Экологиялық және әлеуметтік іс-әрекеттер жоспары іске асырылады, бұл жоспар «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның кәсіпорындарында Компанияның экологиялық параметрлерін және еңбекті қорғауға жетілдіруге бағытталған жобаларды қамтиды. Компания жыл сайын жасалған жұмыс туралы көпшілік алдында есеп береді.

Төменде аталғандар «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның экологиялық менеджмент жүйесі саясатының негізгі міндеттемелері болып табылады:

- электр және жылу энергиясын өндірудің барлық кезеңдерінде энергияны үнемдеу әрі табиғи және энергетикалық ресурстарды оңтайлы түрде пайдалану;
- электр және жылу энергиясын өндірудің қалдықтары мен зиянды заттарының мөлшерін қысқарту және олармен экологиялық тұрғыдан қауіпсіз түрде жұмыс істеу;
- апаттылықты азайтуға және болдырмауға әрі қоршаған табиғат ортасына тигізілетін кері ықпалды азайтуға бағытталған іс-шараларды жүргізу;
- экологиялық ақпараттың ашықтығы және қолжетімділігі, барлық мүдделі тараптарға орын алған апаттар, экологиялық салдары және оларды жою шаралары туралы дереу хабарлау;
- интеграцияланған менеджмент жүйесі үрдістерінің нәтижелілігін үнемі жақсарту;
- Қазақстан Республикасының заңнамалық базасына және ISO 14001 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету.

Электр және жылу энергиясын өндіру барысында жедел қызметтің барлық шешімдерін қабылдау кезінде қоршаған ортаның ластануын болдырмау негізге алынады. Жаңа технологияларды енгізген кезде олардың қоршаған ортаға тигізетін әсерінің деңгейі мен энергетикалық және табиғат ресурстарын пайдалану тиімділігі бағаланады.

Құрылыс, қайта құру жөніндегі барлық жаңа жобаларда қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне арналған «Қоршаған ортаға тигізетін әсерді бағалау» атты арнайы бөлім әзірленеді. Қазақстандық экологиялық стандарттарға сәйкес ету мақсатында барлық жобалар мемлекеттік экологиялық сараптамадан өтеді.

Сапаны бақылау жүйесін қолдау және қоршаған ортаның жағдайын басқару үшін «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-да жыл сайын мақсаттарға қол жеткізу және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жоспарлы іс-шаралар бағдарламалары іске асырылады.

Кәсіпорында қолданылатын, қоршаған ортаға тигізілетін зиянды ықпалды азайтуға бағытталған іс-шаралар:

- Ауадағы ластаушы заттардың көлемдерін азайту мақсатында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ескірген күл тазартатын жабдықтардың орнына күл тазартатын дәстүрлі әдістердің баламасы ретінде станцияның қазандық агрегаттарын II буынды титандық эмульгаторлармен жабдықтады. Эмульгаторлар орнатылғаннан кейін түтін газдарын тазартудың іс жүзіндегі коэффициенті 96,8%-дың орнына 99,5%-ға жетті. 2003–2012 жылдар аралығында титандық эмульгаторлар ЖЭО-2 кәсіпорнының барлық 11 қазандық агрегатына орнатылды. Бұл іс-шараны жүргізудің арқасында тек соңғы 5 жыл ішінде шығарылатын ластаушы заттардың жалпы көлемі 42,5 мың тоннадан 31,5 мың тоннаға дейін азайтылды, шаңның жылдық көлемі 20,7 мың тоннадан 4,9 мың тоннаға дейін азайтылды, түтін газдарының құрамындағы шаңның концентрациясы 1284 мг/м<sup>3</sup> мөлшерінен 290 мг/м<sup>3</sup> мөлшеріне дейін төмендетілді, сондай-ақ жалпы шығарылатын қалдықтардың үлестік көлемдері қысқартылды.
- Азот қышқылдарын азайту мақсатында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-да үш рет үрлеп айдау режимдерін енгізе отырып қазандық агрегаттарын жетілдіру жүргізілуде. Осы іс-шаралардың арқасында 2013 жылы азот қышқылдарының 430 мг/м<sup>3</sup> мөлшеріне дейін азаюы байқалып отыр, бұл көрсеткіштер 2012 жылдың деректері бойынша 600 мг/м<sup>3</sup>-нен астам мөлшерде болатын.
- Сілтілі реакциясы бар тазартылған суды қолдану, бұл су күлтөкпелерден қазандық агрегаттардың эмульгаторларына қайта беріледі, ол күкірт оксидтерін ерімейтін қосылыстар етіп химиялық түрде байланыстырады және осы оксидтердің шығарылу көлемін 10%-дан 15%-ға дейін азайтады.
- Атмосфераға шығарылатын қалдықтарды қадағалау мақсатында станцияның барлық 11 қазандық агрегаты азот оксидтерін, күкірт оксидтерін, көміртегі қос тотығын, күлді есепке алу аспаптарымен жабдықталған.
- Багерлік сорғы үй-жайында жоспарлы жөндеу жүргізілді.
- Б.Белое көлінің ағызу арнасында бон қоршаулары орнатылды.

Компания энергетика саласындағы инновациялық технологияларды зерттеуге және оларды өндірісте қолдану мүмкіндіктеріне көп көңіл бөледі. Энергияның жаңартылатын көздерін пайдалануға бағытталған іс-шараларды әзірлеу жөніндегі бағдарлама Компанияның стратегиялық дамуының перспективалық бағыттарының бірі болып табылады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-да 2013–2014 жылдарға арналған, жалпы сомасы 6 497,4 млн теңгені құрайтын табиғат қорғау іс-шаралары әзірленді және бұл іс-шаралар ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінде келісілді. 2013 жылы жалпы сомасы 3 247,7 млн теңгені құрайтын 13 табиғат қорғау іс-шарасы жоспарланды. Барлық іс-шаралар толық көлемде орындалды, олардың жалпы сомасы 3 289,2 млн теңгені құрады.

Компанияның кәсіпорындарында құрылымдық бөлімшелердің тұрғысынан өндірістік экологиялық бақылау және мониторинг жүргізу бағдарламалары әзірленді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық органмен келісілді.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері жөніндегі есептілікке қойылатын талаптар» атты 14.02.2013 жылғы №16-п бұйрығына сәйкес «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тоқсан сайын өндірістік экологиялық бақылаудың орындалуы туралы есептерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға береді.

### Күл-қож қалдықтарын орналастыру

Күл-қож қалдықтарының түзілу көлемі жөніндегі 2013 жылғы есептік деректер, тонна

| Қалдықтар          | «СКЭ» АҚ  |           |
|--------------------|-----------|-----------|
|                    | лимит     | нақты     |
| Күл-қож қалдықтары | 1 150 619 | 1 024 094 |

### Зиянды заттардың атмосфераға шығарылуы, тонна

| Атмосфераға шығарылған ластаушы заттар | «СКЭ» АҚ      |               | «СҚ ЭТК» АҚ  |              | «ПЖЖ» ЖШС    |              |
|--|---------------|---------------|--------------|--------------|--------------|--------------|
|  | лимит         | нақты         | лимит        | нақты        | лимит        | нақты        |
| Көмірдің күлі                          | 5 752         | 4 916         | –            | –            | –            | –            |
| Азот қос тотығы                        | 5 076         | 5 045         | 0,14         | 0,08         | 0,123        | 0,116        |
| Азот қышқылы                           | 825           | 820           | –            | –            | –            | –            |
| Күкіртті ангидрид                      | 26 711        | 17 447        | 0,04         | 0,01         | 0,066        | 0,062        |
| Көміртегі тотығы                       | 3 810         | 3 318         | 0,38         | 0,23         | 0,369        | 0,328        |
| Басқалары                              | 11,3          | 3,9           | 14,18        | 12,21        | 4,148        | 3,668        |
| <b>Барлығы</b>                         | <b>42 186</b> | <b>31 552</b> | <b>14,74</b> | <b>12,53</b> | <b>4,706</b> | <b>4,174</b> |

2013 жылы компанияның кәсіпорындары рұқсат берілетін шекті қалдықтар нормативтерінің асырылуына жол берген жоқ.

### Атмосфераға зиянды газдардың (CO<sub>2</sub>) шығарылуы

17.09.09 ж. Қазақстан Республикасы үшін Киото хаттамасы күшіне енгеннен кейін Компания 2013 жылы атмосфераға зиянды газдардың шығарылуына берілетін квоталарды алуға қажетті деректерді жинауға, құжаттарды дайындауға және ресімдеуге бағытталған бірқатар іс-шараларды жүргізу жұмысын ұйымдастырды. Барлық есептік құжаттар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган есептік құжаттарды растау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін аккредитациялаған тәуелсіз ұйымның бекітуінен (тексеруінен) өтті.

2013 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ атмосфераға зиянды газдарды шығаруға берілетін келесі сертификаттарды алды:

- 3 784 858 тоннаны құрайтын көлемге арналған (ҚР Ұлттық жоспарына сәйкес) 01.08.2013 жылғы № 000062 сертификат;
- 4 255 578 тоннаны құрайтын көлемге арналған (КА № 6,7 бойынша қосымша қуаттарды ескере отырып) 25.11.2013 жылғы № 000144 сертификат.

Қазақстан Республикасының азаматтары мен қоғамдық ұйымдарының қоршаған орта жағдайы туралы шынайы және толық ақпаратты алуға деген және қоғамның экологиялық тұрғыдан маңызды шешімдерді қабылдау үрдісіне қатысуына деген конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуді іске асыру мақсатында Компания міндетті түрде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу жөніндегі өтінімдерді жариялайды, сондай-ақ іске асырылуы қоршаған ортаға және азаматтардың денсаулығына тікелей әсерін тигізе алатын жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар жүргізеді. Қоғамның өкілдеріне және барлық мүдделі тұлғаларға талқылауға берілген жобалардың материалдарымен танысу мүмкіндігі беріледі.



# Қаржы есептілігі

## 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай жөнінде шоғырландырылған есеп

МЫҢ ТЕҢГЕ

| АКТИВТЕР  | 31.12.2013        | 31.12.2012        |
|---|-------------------|-------------------|
| <b>ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР</b>   |                   |                   |
| Гудвилл   | 51 769 250        | 44 011 993        |
| Бейматериалдық активтер   | 16 601            | 11 679            |
| Негізгі жабдықтарды алуға берілген аванстар                                   | 2 718 547         | 1 042 514         |
| Қолдануы шектелген ақшалай қаражаттар   | 131 805           | 180 370           |
| <b>Барлық ұзақ мерзімді активтер</b>  | <b>54 636 203</b> | <b>45 246 556</b> |
| <b>АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР</b>  |                   |                   |
| Тауарлық-материалдық қорлар   | 2 491 046         | 1 878 445         |
| Саудалық дебиторлық қарыз   | 1 150 891         | 1 250 925         |
| Қысқа мерзімді активтерді алуға берілген аванстар                             | 802 366           | 542 184           |
| Өтелетін салықтар және алдын ала төленген салықтар                            | 647 770           | 774 573           |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлем  | 62 716            | 98 214            |
| Өзге дебиторлық борыш   | 1 262 157         | 1 313 913         |
| Өзге қаржылық активтер  | 628               | 1 453 608         |
| Қолдануы шектелген ақшалай қаражаттар   | 132 222           | 65 203            |
| Ақша қаражаты және ақша эквиваленттері  | 659 289           | 499 476           |
| <b>Барлық ағымдағы активтер</b>   | <b>7 209 085</b>  | <b>7 876 541</b>  |
| <b>БАРЛЫҚ АКТИВТЕР</b>  | <b>61 845 288</b> | <b>53 123 097</b> |
| <b>КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>   | <b>31.12.2013</b> | <b>31.12.2012</b> |
| <b>КАПИТАЛ</b>  |                   |                   |
| Жарғылық капитал  | 16 291 512        | 16 291 512        |
| Қосымша төленген капитал  | 277 168           | 385 724           |
| Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв                                | 4 885 166         | 5 356 629         |
| Бөлінбеген табыс  | 8 259 120         | 5 693 665         |
| <b>Барлық капитал</b>   | <b>29 712 966</b> | <b>27 727 530</b> |
| <b>ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>  |                   |                   |
| Шығарылған облигациялар   | 6 431 571         | 6 492 844         |
| Ұзақ мерзімді қарыздар  | 8 576 760         | 3 908 689         |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері                                      | 7 039 225         | 6 107 522         |
| Болашақ кезеңдегі табыстар  | 202 383           | 202 383           |
| Ұзақ мерзімді кредиторлық борыш   | 64 465            | 728 108           |
| Күл үйінділерінің топырақ құрамын қайта қалпына келтіру бойынша міндеттемелер | 347 122           | 133 207           |
| Қызметкерлер сыйақысы бойынша міндеттемелер                                   | 40 420            | 36 203            |
| <b>Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>                                     | <b>22 701 946</b> | <b>17 608 956</b> |

**2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай жөнінде шоғырландырылған есеп (жалғасы)**

мың теңге

|  | 31.12.2 013       | 31.12.2 012       |
|--|-------------------|-------------------|
| <b>АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>  |                   |                   |
| Шығарылған облигациялардың ағымдағы бөлігі   | 357 832           | 357 832           |
| Сауда-несиелік борыш   | 2 261 684         | 1 736 138         |
| Қысқа мерзімді қарыздар және ұзақ мерзімді қарыздардың ағымдағы бөлігі                           | 5 802 440         | 4 730 077         |
| Алынған аванстар   | 612 020           | 511 791           |
| Салықтар және төленетін бюджеттен тыс төлемдер   | 170 976           | 112 044           |
| Күл үйінділерінің топырақ құрамын қайта қалпына келтіру бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі | —                 | 155 427           |
| Қызметкерлер сыйақысы бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі                                   | 3 846             | 4 023             |
| Өзге міндеттемелер мен есептелген шығындар   | 221 578           | 179 279           |
| <b>Барлық ағымдағы міндеттемелер</b>   | <b>9 430 376</b>  | <b>7 786 611</b>  |
| <b>БАРЛЫҚ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>   | <b>61 845 288</b> | <b>53 123 097</b> |

**2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жиынтық табыс жөнінде шоғырландырылған есеп**

мың теңге

|   | 31.12.2013          | 31.12.2012          |
|---|---------------------|---------------------|
| <b>ТАБЫСТАР</b>   | <b>20 961 920</b>   | <b>16 584 956</b>   |
| <b>ӨЗІНДІК ҚҰНЫ</b>                                     | <b>(13 670 912)</b> | <b>(11 192 070)</b> |
| <b>ЖАЛПЫ ПАЙДА</b>                                      | <b>7 291 008</b>    | <b>5 392 886</b>    |
| Іске асыру бойынша шығындар                             | ( 248 268)          | ( 203 217)          |
| Жалпы және әкімшілік шығындар                           | (1 996 148)         | (1 711 811)         |
| Қаржылық шығындар                                       | (1 538 548)         | (1 403 397)         |
| Қаржылық табыстар                                       | 209 690             | 199 360             |
| Курс айырмашылығы бойынша табыс/(шығын)                 | 25 721              | (9 199)             |
| Өзге табыстар   | <b>68 914</b>       | <b>308 382</b>      |
| <b>САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ ТАБЫС</b>                       | <b>3 812 369</b>    | <b>2 573 004</b>    |
| <b>ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР</b>                    | <b>(1 022 359)</b>  | <b>( 733 821)</b>   |
| <b>ТАБЫС ЖӘНЕ 1 ЖЫЛДАҒЫ ӨЗГЕ ЖАЛПЫ КІРІС</b>            | <b>2 790 010</b>    | <b>1 839 183</b>    |
| <b>АКЦИЯ ТАБЫСЫ</b>                                     |                     |                     |
| 1 жылдағы акция табысы, негізгі және көбейтілген, теңге | 19,39               | 12,84               |

**2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражатының қозғалысы жөнінде шоғырландырылған есеп**

мың теңге

| <b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>                             | 31.12.2013         | 31.12.2012         |
|--|--------------------|--------------------|
| <b>Салық салуға дейінгі табыс</b>  | <b>3 812 369</b>   | <b>2 573 004</b>   |
| <b>Түзетулер:</b>  |                    |                    |
| Тозу және амортизация  | 2 299 496          | 1 846 028          |
| Қаржылық шығындар  | 1 538 548          | 1 403 397          |
| Күмәнді қарыздар резервін қалпына келтіру  | (76 284)           | (10 434)           |
| Ескірген тауарлы-материалдық қорлар бойынша резервтер есептеу/(қалпына келтіру)          | (8 361)            | 5 484              |
| Негізгі қаражаттың шығып қалу шығындары/(табыстары)                                      | (1 532)            | 376                |
| Еңбеккерлерді марапаттау шығындары   | 11 246             | 11 771             |
| Пайдаланылмаған босатылым бойынша резервтер есептеу                                      | (808)              | (1 806)            |
| Курс айырмашылығы бойынша шығын  | (25 721)           | 9 199              |
| Кепілдік салымдарды шектеуден түскен табыстар  | 0                  | (121 449)          |
| Қаржылық табыстар  | (209 690)          | (199 360)          |
| <b>Айналымдық капиталдағы өзгерістерге дейінгі ақша қаражатының қозғалысы</b>            | <b>7 339 263</b>   | <b>5 516 210</b>   |
| <b>Айналымдық капиталдың өзгеруі</b>   |                    |                    |
| Тауарлы-материалдық қорлардың өзгеруі  | (545 225)          | (624 250)          |
| Сауда дебиторлық борыштың өзгеруі  | 149 466            | (154 943)          |
| Қысқа мерзімді активтерді алуға берілген аванстың өзгеруі                                | (260 886)          | (164 952)          |
| Қайтарылатын және алдын ала төленген салықтардың өзгеруі                                 | 163 508            | (290 398)          |
| Өзге дебиторлық қарыздың өзгеруі   | (66 263)           | 491 160            |
| Сауда несиелік борыштың өзгеруі  | 560 856            | 767 956            |
| Алынған аванстардың өзгеруі  | 100 229            | 69 758             |
| Төленетін салықтың және бюджеттік емес төлемдердің өзгеруі                               | 27 562             | (1 484)            |
| Өзгі міндеттемелер мен есептелген шығындардың өзгеруі                                    | 43 107             | 64 842             |
| Күл үйінділерінің топырақ құрамын қайта қалпына келтіру бойынша міндеттемелердің өзгеруі | 0                  | (155 427)          |
| Еңбеккерлерді марапаттау бойынша міндеттемелердің өзгеруі                                | (7 206)            | (5 627)            |
| <b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты</b>  | <b>7 504 411</b>   | <b>5 512 845</b>   |
| <b>Төленген табыс салығы</b>   | <b>(35 458)</b>    | <b>(75 137)</b>    |
| <b>Төленген пайыздар</b>   | <b>(1 595 505)</b> | <b>(1 289 759)</b> |
| <b>Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты</b>                                   | <b>5 873 448</b>   | <b>4 147 949</b>   |



**2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражатының қозғалысы жөнінде шоғырландырылған есеп (жалғасы)**

мың теңге

| ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ                       | 31.12.2013         | 31.12.2012         |
|---|--------------------|--------------------|
| Негізгі жабдықтарды алу   | (9 855 122)        | (8 100 041)        |
| Негізге жабдықтарды алуға берілген аванстардың өзгеруі                        | (1 676 033)        | 939 668            |
| Бейматериалдық активтерді иелену  | (7 282)            | (7 322)            |
| Депозиттерді орналастыру  | (174 245)          | (3 009 880)        |
| Орналастырылған депозиттерге есептелген пайыздық түсімдер                     | 133 326            | 64 976             |
| Депозиттерді шешіп алу  | 1 620 359          | 2 584 103          |
| Негізгі жабдықтардың шығып қалуынан түскен түсімдер                           | 72 735             | 89 789             |
| <b>Инвестициялық қызметте қолданылған таза ақша қаражаттары</b>               | <b>(9 886 262)</b> | <b>(7 438 707)</b> |
| ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ                            | 31.12.2013         | 31.12.2012         |
| Қарыздар түсімі   | 12 443 580         | 6 306 964          |
| Облигацияларды орналастыру  |                    | 2 613 360          |
| Қарыздарды өтеу   | (6 769 156)        | (6 184 479)        |
| Облигацияларды өтеу   |                    | (6 308)            |
| Дивидендтерді төлеу   | (578 959)          | (252 053)          |
| Акционерлік капиталға салым   | 0                  | 481 000            |
| Байланысты тарапқа қаржылық көмекті өтеу                                      | (1 122 000)        | (250 000)          |
| Байланысты тараптан түскен қаржылық көмек                                     | 200 000            | 1 000 000          |
| <b>Қаржылық қызметтен түскен таза ақша қаражаттары</b>                        | <b>4 173 465</b>   | <b>3 708 484</b>   |
| <b>АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ТАЗА ҰЛҒАЮЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЭКВИВАЛЕНТТЕРІ</b>            | <b>160 651</b>     | <b>417 726</b>     |
| <b>ЕСЕПТІК ЖЫЛ БАСЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЭКВИВАЛЕНТТЕРІ</b>     | <b>499 476</b>     | <b>78 097</b>      |
| <b>АУЫСТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ АҚША ҚАРАЖАТЫНА ӘСЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЭКВИВАЛЕНТТЕРІ</b> | <b>(838)</b>       | <b>3 653</b>       |
| <b>ЖЫЛ СОҢЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЭКВИВАЛЕНТТЕРІ</b>             | <b>659 289</b>     | <b>499 476</b>     |

**2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша капиталдағы өзгерістер жөнінде шоғырландырылған есеп**

мың теңге

|   | Акционерлік капитал | Қосымша төленген капитал | Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв | Бөлінбеген табыс | Қорытынды капитал |
|---|---------------------|--------------------------|--|------------------|-------------------|
| <b>1 қаңтар 2012 ж.</b>   | <b>15 810 512</b>   | <b>159 931</b>           | <b>5 830 089</b>                               | <b>3 820 475</b> | <b>25 621 007</b> |
| 1 жылдағы таза табыс және жалпы табыс   | –                   | –                        | –  | 1 839 183        | 1 839 183         |
| Дивидендтер   | –                   | –                        | –  | (252 053)        | (252 053)         |
| Акционерлік капиталға салым   | 481 000             |                          |  |                  | 481 000           |
| Негізгі жабдықтарды қайта бағалау қорының амортизациясы   | –                   | –                        | (473 460)                                      | 473 460          | –                 |
| 46 850 мың теңге көлеміндегі кейінге қалдырылған салықты есептемегендегі әділ бағаға дейін түзету | –                   | –                        | –  | (187 400)        | (187 400)         |
| 56 449 мың теңге көлеміндегі кейінге қалдырылған салықты есептемегендегі әділ бағаға дейін түзету | –                   | 225 793                  | –  | –                | 225 793           |
| <b>31 желтоқсан 2012 ж.</b>   | <b>16 291 512</b>   | <b>385 724</b>           | <b>5 356 629</b>                               | <b>5 693 665</b> | <b>27 727 530</b> |
| 1 жылдағы таза табыс және жалпы табыс   | –                   | –                        | –  | 2 790 010        | 2 790 010         |
| Дивидендтер   | –                   | –                        | –  | (578 959)        | (578 959)         |
| Негізгі жабдықтарды қайта бағалау қорының амортизациясы   | –                   | –                        | (471 463)                                      | 471 463          | –                 |
| 29 265 мың теңге көлеміндегі кейінге қалдырылған салықты есептемегендегі әділ бағаға дейін түзету | –                   | –                        | –  | (117 059)        | (117 059)         |
| 27 139 мың теңге көлеміндегі кейінге қалдырылған салықты есептемегендегі әділ бағаға дейін түзету | –                   | (108 556)                | –  | –                | (108 556)         |
| <b>31 желтоқсан 2013 ж.</b>   | <b>16 291 512</b>   | <b>277 168</b>           | <b>4 885 166</b>                               | <b>8 259 120</b> | <b>29 712 966</b> |



# Глоссарий

**Әуедегі электр желісі** — ашық ауада орналасқан және оқшаулауыштар мен арматураның көмегімен тіреулер мен кронштейндерге бекітілетін сымдармен электр энергиясын беруге арналған электр желісі.

**Әуедегі электр энергиясын беру желілері** — электр энергиясын сымдар арқылы қашыққа беруге арналған конструкциялар.

**Шығарылатын ластаушы заттар** — қоршаған ортаға шығарылатын қалдықтардың алуан түрлері.

**Гигакалория** — жылу энергиясының мөлшерін өлшеу бірлігі, жылу энергетикасы, жылыту жүйелері, коммуналдық шаруашылық салаларында бағалау жүргізу үшін пайдаланылады.

**Күлтөкпе** — жылу-электр орталықтарында қатты жанармайды жаққан кезде түзілетін өңделген күл мен шлакты жинауға және пайдаға асыруға арналған жер.

**Күл-қож қалдықтары** — көмірлердің органикалық бөлігінің жануының нәтижесінде түзілетін, ұшпа қосылыстар (түтін және бу) түрінде болатын шаң тәрізді масса (күл), сондай-ақ көмір қожы, оған қоса қатты ошақ қалдықтары түрінде бөлініп шығарылатын жанармайдың жанбайтын минералды бөлігі.

**Инвестициялық бағдарлама** — біріктіріп жиналған, инвестициялық салымдарды жүзеге асыруға және белгіленген нақты қаржылық-экономикалық, өндірістік және әлеуметтік нәтижелерді қамтамасыз етуге бағытталған ниеттер мен практикалық іс-әрекеттердің жиынтығы инвестициялық жоба болып табылады.

**Инсайдерлік ақпарат** — эмиссиялық бағалы қағаздар және олармен жасалатын мәмілелер жөніндегі, сондай-ақ осы бағалы қағаздар эмитенті және ол жүзеге асыратын қызмет жөніндегі кез келген ақпарат, бұл ақпарат үшінші тұлғаларға белгісіз болуға тиіс, оның жария етілуі осы бағалы қағаздардың нарықтық құнына елеулі әсерін тигізуі мүмкін.

**Ақпараттық саясат** — компанияның нысаналы аудиториялары мен көпшілік қауымға қатысты оның ақпараттық қызметіндегі приоритеттер және стандарттар.

**Директорлар кеңесінің комитеттері** — басшылық етуге немесе басқаруға қатысы бар арнайы салада жұмыс істеу үшін қалыптастырылған алқалы орган.

**Қазандық агрегаты** — жанармай жағудың нәтижесінде, электр энергиясын, қалдықты газдардың жылулығын пайдаланудың нәтижесінде немесе технологиялық үрдістің нәтижесінде қысыммен бу немесе ыстық су алуға арналған құрылғы.

**Электр энергиясын беру желісі (ЭБЖ)** — сымдардан (кабельдерден) және қосалқы құрылғылардан жасалған, электр станцияларынан тұтынушыларға электр энергиясын беруге арналған құрылыс.

**Қоталау механизмі** — белгілі бір аумақта нақты уақыт ішінде белгілі бір заттардың (мысалға, көміртегі диоксидінің, күкірт оксидінің, азот оксидінің) шығарылуына қойылатын шектеулер.

**Өндіріс қалдықтары** — материалдық ресурстардың өндіріс барысында жоғалатын бөлігі. Өндіріс қалдықтары және жанама өнімдер (осы кәсіпорынның мақсаты осы заттарды алу болмаса да, шикізатты кешенді түрде қайта өңдеудің нәтижесінде алынатын пайдалы өнімдер) қайталама шикізат болуы мүмкін.

**Акционерлердің жалпы жиналысы** — акционерлік қоғамдағы жоғарғы басқару органы, ол қоғамның қарапайым атаулы акцияларының иелері болып табылатын акционерлерден тұрады. Қоғам Жарғысының негізінде олардың құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу үшін қоғамның акционерлері мерзімді түрде, бірақ жылына кем дегенде бір рет өздерінің жалпы жиналыстарына (акционерлердің жылдық жалпы жиналысына) жиналады.

**Шағын станция** — электр энергиясын түрлендіру және бөлістіру үшін қолданылатын және трансформаторлардан және басқа да энергияны түрлендіргіштерден, бөлістіру құрылғыларынан, басқару құрылғыларынан және қосалқы құрылыстардан тұратын электрлік қондырғы.

**Қоғамның басқармасы** — компанияның ағымдағы қызметіне басшылық етуді жүзеге асыратын атқарушы алқалы орган.

**Өндірістік мониторинг** — қоршаған ортаның жағдайына жүргізілетін бақылаулардың, өндірістік факторлардың ықпалымен қоршаған орта жағдайының өзгерістерін бағалаудың және болжаудың кешенді жүйесі.

**Табиғатты қорғау іс-шаралары** — қоршаған ортаға тигізілетін теріс ықпалды азайтуға және жоюға, қолда бар табиғаттық-ресурстық әлеуетті сақтауға, арттыруға және оңтайлы түрде пайдалануға бағытталған кәсіпорындардың шаруашылық қызметінің барлық түрлері.

**Ақпаратты жария ету** — эмитенттердің қызметін реттейтін ұйымдардың талаптарына, осы ақпаратқа деген қызығушылықтары бар тұлғалардың қажеттіктеріне сәйкес келетін мерзімділікпен және ақпаратты жария ету саласындағы корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесін ескере отырып нысаналы аудиторияларға компанияның қызметі туралы ақпаратты беру.

**Қолда бар қуат** — техникалық себептер (түтін құбырлары күшінің, турбиналар конденсаторларының суыту жүйелері күшінің жеткіліксіздігі және т.б. сияқты) бойынша іске асырылмайтын қуатты шегергендегі жабдықтардың белгіленген қуатына тең шама.

**Корпоративтік басқару жүйесі** — компания акционерлері мен басшылығының, соның ішінде оның директорлар кеңесінің арасындағы өзара әрекеттестік, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғалармен өзара әрекеттестік жүйесі, оның көмегімен акционерлердің құқықтары іске асырылады; акционерлерге (инвесторларға) компания басшыларының қызметін қадағалауға және туындайтын мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін механизмдер кешені.

**Ішкі бақылау жүйесі** — компанияның басшылығы қаржылық-шаруашылық қызметтің дұрыс және нәтижелі түрде жүргізілуін бақылау үшін қабылдаған рәсімдердің, ұйымдастыру іс-шараларының және әдістемелерінің жиынтығы.

**Директорлар кеңесі** — акционерлік қоғамның басқару органы, ол АҚ акционерлерінің жалпы жиналысында оның мүшелерін сайлау арқылы түзіледі.

**Орташа босату тарифі** — өткізуден түскен пайданың пайдалы түрде босатуға деген қатынасы ретінде есептелетін тариф.

**Жылу-электр орталығы (ЖЭО)** — электр энергиясын ғана емес, тұтынушыларға бу және ыстық су түрінде берілетін жылуды да шығаратын жылу электр станциясы.

**Титандық эмульгаторлар** — элементтері титаннан жасалған, түтін газдарын күлден тазартуға мүмкіндік беретін конструкция.

**Турбина** — роторының жұмыс органы айналып қозғалатын, будың, газдың, судың жіберілетін жұмыс денелерінің кинетикалық энергиясын механикалық жұмыс етіп түрлендіретін бастапқы қозғалтқыш.

**Турбоагрегат** — бір білік сыммен біріктірілген бу турбинасының, электрлік генератордың және қоздырғыштың жиынтығы; будың ықтимал энергиясын электр энергиясы етіп түрлендіруді қамтамасыз етеді.

**Ішкі аудитті басқару** — басқару буындарын және компания қызметінің түрлі аспектілерін қадағалауға бағытталған, ішкі құжаттардың негізінде регламенттелген, басқару органдарына жәрдемдесудің аясында арнайы бақылау органының өкілдері жүзеге асыратын қызмет.

**Эмиссияларды басқару** — өндірістік үрдіс қалдықтарын жинауға, тасымалдауға, қайта өңдеуге, қайта пайдалануға немесе пайдаға асыруға және бүкіл үрдісті қадағалауға бағытталған іс-шаралар кешені.

**Станцияның белгіленген жылу қуаты** — сыртқы тұтынушыларға және меншікті қажеттіктер үшін бумен және ыстық сумен бірге жылу беруге арналған, акт бойынша пайдалануға қабылданған барлық жабдықтардың номиналдық жылу қуаттарының қосындысы.

**Энергия жүйесінің белгіленген электрлік қуаты** — энергия жүйесінің электр станцияларының барлық турбо- және гидроагрегаттарының жиынтық номиналдық белсенді қуаты (олардың төлқұжаттарына немесе техникалық талаптарына сәйкес).

**Нысаналы аудиториялар** — өзінің қызметін жүзеге асыру барысында өзара әрекеттесетін, компанияның ішіндегі және компаниядан тыс қоғамдық топтар.

# Қысқартулар тізімі

- ISO** стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым
- ONAS** Еңбекті қорғауды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқарудың халықаралық жүйесі
- 2-ПЖЭО** 2-Петропавл жылу-электр орталығы
- АЕК** айлық есептік көрсеткіш
- АҚ** акционерлік қоғам
- ӘЖ** әуе желілері
- БАҚ** бұқаралық ақпарат құралдары
- Гкал** гигакалория
- Гкал-сағ.** сағатына гигакалория
- ЕҚДБ** Еуропалық қайта құру және даму банкі (ағылшынша: European Bank for Reconstruction and Development EBRD)
- ЖБҚ** жиынтықты бөлістіргіш құрылғы
- ЖК** жылу камерасы
- ЖМ** жылу магистралі
- ЖЭКЕАЖ** жылу энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі
- ЖЭО** жылу-электр орталығы
- ИИҚ** Ислам инфрақұрылымдық қоры
- КАҚ** күл аулайтын құрылғы
- кВ** киловольт
- кВА** киловольт ампер
- кВт-сағ.** сағатына киловатт
- КЖ** кабель желілері
- ҚА** қазандық агрегаты
- ҚБАЖ** қашықтан басқарудың автоматтандырылған жүйесі
- ҚҚС** қосымша құн салығы
- ҚОМЖ** қоршаған орта менеджменті жүйесі
- МВА** мегавольт ампер
- МВт** мегаватт
- ОАОЭК** «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ
- ОАЭК** «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ
- ӨОС** өздігінен беретін оқшауланған сым
- ПЖЖ** «Петропавл жылу желілері» ЖШС
- СЖТШ** сыртқа орнатылатын жиынтықты трансформаторлық шағын станция
- СКЭ** «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ
- СҚ ЭТК** «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ
- СМЖ** сапа менеджменті жүйелері
- СС** сорғы станциясы
- ТА** турбоагрегат
- ТБЖ** тәуекелдерді басқару жүйелері
- ШД** шартты диаметр
- ШҚ** шаруашылық қажеттіктер
- ШС** шағын станция
- ЭБЭЖ** электр энергиясын беретін әуедегі желілер
- ЭБЖ** электр энергиясын беретін желілер
- ЭЖА** электрлік желілер ауданы
- ЭКЕАЖ** электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі
- ҮИИДМБ** Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарлама

# Байланыс ақпараты

## «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ

150009, Қазақстан Республикасы, Петропавл қ., Жамбыл к-сі, 215

Телефон: +7 (7152) 31-43-24

Факс: +7 (7152) 41-28-28

Электрондық пошта: [info@sevkazenergo.kz](mailto:info@sevkazenergo.kz)

Сайт: [www.sevkazenergo.kz](http://www.sevkazenergo.kz)

## Инвесторлар мен акционерлермен жұмыс бойынша жауапты адамдар

| Аты-жөні/қызметі   | Байланыс ақпараты   |
|--|---|
| <b>Язовская Алла Анатольевна,</b><br>«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Басқарма Төрағасының қаржы және экономика мәселелері бойынша бірінші орынбасары | Қазақстан республикасы,<br>Петропавл қ., Жамбыл к-сі, 215<br>тел.: +7 (7152) 31-43-24<br>факс: +7 (7152) 41-28-28 |
| <b>Алексеевене Татьяна Вячеславна,</b><br>«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бас бухгалтері   | Қазақстан республикасы,<br>Павлодар қ., Кривенко к-сі, 27<br>тел.: +7 (7152) 31-43-24<br>факс: +7 (7152) 41-28-28 |
| <b>Джаманчалова Наталья Михайловна,</b><br>«Қорғау» заң агенттігі» ЖШС СКФ директоры   | Қазақстан республикасы,<br>Петропавл қ., А. Шажимбаев к-сі, 144<br>тел.: +7 (7152) 31-43-07                       |

## АУДИТОР

«Делойт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (аудиторлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясының № 0000015, сериясы МФЮ-2, берілген күні 13.09.2006 ж., берген орган – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, лицензия мерзімсіз) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның тәуелсіз аудиторы болып табылады.

Заңды мекенжайы: Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 36б.

## ТІРКЕУШІ

«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғамы (мемлекеттік тіркеуге алынғаны туралы № 1678-1910-02-АО куәлік 11.01.2012 ж. берілді) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның тіркеушісі болып табылады.

Заңды мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даңғ., 141.